This technique has become particularly popular among those who want to learn how to speak English in the shortest possible time. To achieve this seemingly unrealistic goal allows a high level of stereotyped language - English by 25% consists of clichés. Due to the study of a large number of stable expressions, their memorization and working out, a person can learn to explain him in a foreign language and understand the interlocutor for the remaining time.

Active methods of teaching English

The so-called active methods of teaching English are singled out as a separate group, examples

of the most widely used methods are given below.

So, they are:

- Round table

The teacher formulates the problem and offers the students the task: to assess the significance of the problem, to show all the pros and cons, to determine the possible outcome, etc. Students should speak out on the presented question, argue their position and eventually come to a common solution.

- Brainstorm

This technique is also aimed at discussing and solving a problem. However, according to this method of teaching English, the audience is divided into two groups - "idea generators", which actually offer ideas, and "experts" who, at the end of the "assault", assess the position of each "generator".

- Business game

The teacher prepares the game for the studied topic and explains the rules to the students. As a rule, the proposed tasks simulate tasks and situations of real communication, for example, search and placement, conclusion of a contract, travel, etc.

- Gaming methodology for learning English for children.

Its main advantages are the absence of a coercive mechanism for employment and a great interest on the part of the child. The teacher conducts with the children the most diverse games for the studied vocabulary and grammatical constructions, during which the children quickly memorize them and learn to use them in the speech.

In conclusion, I would like to note that these methods introduce a new Foreign languages, contributes to the Motivation of students in their study, as well as pre- It provides a unique opportunity for bilingual- And bicultural development of students and their Inclusion in an active dialogue of cultures.

Bibliography:

1. Gromova O.A. Audio-visual method and practice of its application. M., 1977.
2. Domashnev A.I. and others. Methods of teaching English in a pedagogical university. M., 1983.
3. The main directions in the teaching of foreign languages in the XX century. Ed. M.V. Rakhmanov. M., 1972.
4. Palmer G. Oral method of teaching foreign languages. M., 1960.
5. Sheylz D. Communicative skills in teaching modern languages. [Council for Cultural Cooperation. Project No. 12 "Learning and teaching modern languages for communication".] Council of Europe Press, 1995.
6. Bogomolov AN Scientific and methodical development Virtual language environment Training in foreign (Russian-Mu language): Author's abstract. Dis. ... dr. Ped. Sciences. - Moscow, 2008.
7. Tambovkina T. Yu. The tandem method is one of the Ways of realizing the person-oriented Approach in linguistic education // Inostr. Yaz. At school - 2003. - № 5.

Тастемирова Б.И., Смагулова А.С.
e-mail: moon_flower_87@mail.ru
Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Аннотация

В статье рассматриваются различные методы преподавания иностранных языков в высших учебных заведениях. Особое внимание было уделено следующим методам: прямой метод, грамматический перевод, аудиовизуальный, аудио-лингвальный и коммуникативный. В том числе в этой статье рассматриваются другие современные методы преподавания английского языка как проект, обучения, интенсивных и активных методов преподавания английского языка. Кроме того, в статье выражены методики, популярные современные методы и активные методы преподавания английского языка, такие как круглый стол, мозговой штурм, деловая игра, в целом, игровая методология для изучения английского языка для студентов.

Ключевые слова: Специфическая система, прямой метод, грамматический перевод, аудиовизуальный, аудио-язычный, коммуникативный, тренинг, интенсивный, проект.

Тастемирова Б.И., Смагулова А.С.
Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ӘДІСТЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада жоғары білім беру орындарында шетел тілдерін оқыту барысындағы әр түрлі әдіс пен тәсілдерін қолдану жолдары және олардың құндылықтары баяндалады.. Соның ішінде, дәстүрлі әдістерге жататын тікелей әдіс, грамматика аударма, аудио-визуалды, аудио-тілдік және коммуникативтік. Ерекше көңіл аудартаны, ағылшын тілін оқытудағы заманауи әдістердің қолдану үрдісі мен нәтижесі баяндалған. Атап айтқанда, жиі қолданысқа ие болатын жоба, белсенді оқыту, дөңгелек үстел, ми шабуылы, рөлдік ойын сияқты жаңа заманауи әдістер.

Түйін сөздер: Белгілі бір жүйе, тікелей әдіс, грамматикалық аударма, аудио-визуалды, аудио-тілдік, коммуникативтік оқыту, қарқынды жоба.

МРНТИ 14.35.09

К. А. Жиренишина.¹, Б. Б. Тулеубаева²,

***старшие преподаватели кафедры иностранных языков Казахского Национального
Университета им. аль-Фараби***

г. Алматы, Казахстан

kulshat.zhyrenshina@gmail.com

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПЕСЕН НА УРОКЕ НЕМЕЦКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В данной статье речь идет о месте и роли песни в обучении иностранным языкам, рассматриваются формы организации работы над песней, критерии отбора песен, основные принципы работы с песней. Почти все любят музыку, поэтому использование песен на уроках иностранного языка – приятный и легкий способ изучения иностранного языка. Важно понимать, что песня является одним из сильнейших стимулов к дальнейшему изучению иностранного языка, песня может своим содержанием побуждать учащихся к высказыванию своих собственных мыслей, отношения, оценки чего-либо. Кроме того, аутентичные, удачно подобранные песни развивают мышление, внимательность и память учащихся, помогают непроизвольно удерживать в памяти сложный материал, речевые клише, устойчивые выражения. Кроме того, музыка положительно влияет на формирование личности учащихся, их характер и настроение, а также формирует эстетический вкус.

Ключевые слова: страноведческая специфика, мотивация, фонетическая зарядка, усвоение лексического материала, эмоциональный аспект.

Проблема использования песен волновала людей с давних времен. Как утверждают историки, часто в школах Древней Греции пением разучивали тексты. Песни являются ценным инструментом для обучения иностранному языку. Почти все любят музыку, поэтому использование песен на уроках иностранного языка – приятный и легкий способ изучения иностранного языка. Во многих отношениях музыка способна внести огромный вклад в процесс обучения на уроках иностранного языка. Так, грамматика и новые слова лучше запоминаются с музыкой, пение песен облегчает фонетический доступ к иностранному языку. Также, песни содержат разнообразные идиоматические выражения, свойственные только данному языку. Кроме того, песни несут живую страноведческую информацию. Но самый важный, наверное, - эмоциональный аспект музыки. По мнению В. Леви «музыка является одним из наиболее эффективных способов воздействия на чувства и эмоции обучаемых, представляющая собой сильнейший психологический побудитель, проникающий в подспудные глубины сознания» [3]. Музыка открывает

сердца учащихся, она доставляет удовольствие, расслабляет и создает положительный опыт. Песни позволяют сделать изучение иностранного языка более интересным и живым, способствуют созданию психологического комфорта на уроке. Они также помогают разгрузить сознание учащихся, снять негативные эмоции, создать благоприятную дружественную атмосферу общения на уроке, которая так необходима и преподавателю, и обучающемуся. Песни также являются одним из важных средств нравственного воспитания личности.

Студенты с удовольствием слушают шедевры музыкального искусства великих композиторов Германии. Знакомятся с творчеством популярных певцов, композиторов и поэтов, заучивают тексты песен, которые разнообразны по тематике и отвечают разным вкусам и интересам. Все хорошо знают известные не только в Германии, но и во всем мире, группы: [Scorpions](#), [Die Ärzte](#), [Tokio Hotel](#), [Rammstein](#) и др.

Задачи:

- Совершенствовать навыки аудирования.
- Улучшить качество произношения.
- Развить навыки ведения дискуссии на немецком языке.
- расширить кругозор относительно нового направления в музыке
- раскрыть творческий потенциал учащихся.

В любом случае цель музыки – сделать урок привлекательным и плодотворным. Принципы работы с песней на уроке иностранного языка, отбор преподавателем песенного материала должен соответствовать практическим целям данного этапа обучения и возрастным особенностям обучающихся.

Критерии отбора песен могут быть следующими[2]:

- песня должна быть приятной, ритмичной, не слишком длинной, иметь припев;
- она должна мотивировать, заинтересовать обучающихся;
- соответствовать возрасту и степени обученности учащихся;
- отражать страноведческую специфику;
- голос исполнителя должен быть понятным.

На уроке иностранного языка песни могут использоваться для достижения различных целей а именно:

- 1) как фонетическая зарядка [1]
- 2) для усвоения лексического и грамматического материала;
- 3) для стимулирования развитие речевых навыков и умений;
- 4) для расслабления во время урока, для снятия напряжение и восстановления их работоспособности.

Можно использовать бесчисленное множество упражнений для работы с песней.

Использование песен с целью усвоения нового лексико-грамматического материала предполагает последовательную работу в течение серии уроков.

Этапы работы с песней:

На первом этапе работы проводится прослушивание песни в оригинале, а затем - коллективный перевод текста на родной язык. Перевод делается очень тщательно, иногда подбираются синонимы и антонимы. Таким образом, усваивается новая лексика и расширяется кругозор студентов. После этого отбирается наилучший вариант перевода. На основе такой тщательной работы с немецким текстом студенты составляют свой словарь к каждой песне, художественно оформляя тексты песен (т. е. сопровождают рисунками, аппликациями и т.д.). Это дает возможность преподавателю оценить степень понимания или восприятия новой лексики.

Работа над произношением проводится на всех этапах: индивидуальное прочтение текста, фонетические упражнения, повторение текста за диктором - носителем языка, постоянное прослушивание песен в оригинале. После контроля усвоения песни (текста и мелодии) песня исполняется solo и в хоре.

Студентам нравится и такой вид работы с песней: текст песни разрезается на отдельные части или строчки. Студенты пытаются воссоздать текст, каждая группа составляет свой вариант, затем их работы сравниваются между собой, песня прослушивается еще раз, допущенные ошибки корректируются. Иногда устраиваются конкурсы на лучшее исполнение той или иной песни. После изучения нескольких таких песен у студентов появляется навык, они знают, как строится текст, его структура и ритм. В этом случае можно предложить им самим составить такие песни. Не обязательно иметь поэтический дар, надо быть уверенным в себе и сделать попытку. Преподаватель должен определить задачу составления новой песни. Студентам предлагается ключевая фраза или выражение. Песня не должна быть длинной. В каждой группе обычно находятся энтузиасты и предлагают свои варианты.

Ниже предлагается возможная работа с песней на уроке немецкого языка при формировании грамматических и лексических навыков.

Разработка урока немецкого языка с использованием песни группы Wise Guls «Es ist nicht immer leicht, ich zu sein»

Цель: совершенствование лексических навыков и умений устной и письменной речи.

Задачи:

- Совершенствовать навыки аудирования.
- Развить навыки ведения дискуссии на немецком языке.
- Раскрыть творческий потенциал учащихся.

Грамматика: Konjunktiv II Präsens, irrealer Wunschsätze

1. Перед прослушиваем песни

1. Разделить группу на несколько маленьких групп. Каждая группа получает свое задание.

Что хотели бы Вы в себе изменить?

Группа 1: внешний вид, например Алина хотела бы охотно стать блондинкой, Лена хотела бы стать старше и т.д.

Группа 2: Чем бы Вы хотели бы в жизни охотно заниматься?

2. Работа над лексикой (работа в группе): найти синонимы (время 5 минут). Каждая группа представляет свой вариант, ответы сравниваются.

Gelassenheit

Geld

Kohle

Territorium, Grundstück

Gelände

Ruhe

Sich an jemanden ranmachen annehmen

j-n als eigenes Kind

Die Hose anhaben (übertragend)

j-n belastigen

Kinder adoptieren

Entschuldigen treffen, führende Rolle haben

II. Во время прослушивания песни

Что хотели бы изменить в себе Wise Guls? (Каждая группа отвечает на «свой» вопрос (внешность, действия)

1. Дать прослушать песню до ч.III.
2. Ответить на вопросы.
3. Прослушивание песни с текстовой опорой, ответы проверить.

I. Ich wäre gern viel größer. Ich hätte gern mehr Geld.
Ich würde gern mehr reisen, am liebsten um die ganze Welt.
Ich hätte gerne blaue Augen und etwas mehr Gelassenheit.
Ich würd gern Menschenleben rette. Ich hätte gern mehr Zeit.

Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Manchmal ist es sogar sauschwer.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Manchmal ist es sogar sauschwer.

II. Ich hätte gern blonde Haare. Ich wäre gern topfit.
Ich wäre gern viel schöner. Ich wäre gern Brad Pitt.
Dann hätt ich Kohle ohne Ende, n Riesen-Haus am Strand
Auf einem herrlichen Gelände und teure Bilder an der Wand.

Dann läg ich abends um sieben noch in der Sonne am Pool.
Und alle würden mich lieben. Ic h wäre einfach saucool.
Ich hätte fünfundzwanzig Diener und ein riesengroßes Bett,
Und darin läg die Angelina. Das wär doch irgendwie nett!

Es ist nicht immer leicht, ich zu sein...
... manchmal wär ich lieber Brad Pitt...
... doch für Brad ist das Leben echt' n Hit.

3. Задать вопросы к тексту по содержанию: прекрасна ли жизнь Бреда Питта? Как Вы думаете, есть ли у него проблемы? Хотели ли Вы быть Бредом Питтом? Почему «да»? Почему «нет»?

Собрать предположения.

Время 10 минут.

- 4.Прослушивание песни со зрительной текстовой опорой до конца. Предположения проверить по оригиналу.

III. Aber lauter Paparazzi machen sich an Angelina ran,
Und ganz bestimmt hat sie zu Haus allein die Hosen an.
Der arme Brad muss parieren, während Angelina lenkt,
Muss dauernd Kinder adoptieren...
Ich bin sicher, dass auch er oft denkt:

It isn't always easy being me...
...sometimes it's almost like a nightmare.
It isn't always easy being me...
...sometimes ich wäre rather sonstwer.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Manchmal wär ich lieber sonstwer

Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Es ist nicht immer leicht, ich zu sein.
Manchmal ist es sogar sauschwer.

Время 5 минут.

III. После прослушивания

Дискуссия: почему не всегда легко быть собою?

Таким образом, разнообразие форм использования песен на уроках иностранного языка могут способствовать формированию языковых навыков учащихся и повышать эффективность обучения. Песни создают у учащихся мотивацию к изучению иностранного языка, положительный настрой, а также развивают учащихся духовно, формируют музыкальный слух, эстетически развивают их.

Список использованной литературы:

1. Белкина М.Ю. Задания для совершенствования фонетических навыков: (из опыта школы)/ М.Ю. Белкина [Текст] // Иностранные языки в школе. – 2006. - №5. – с. 53-54.
2. Веренинова Ж.Б. Песня как методический приём при фонетической отработке английских срединных сонантов.[Текст] //Иностранные языки в школе. – 2000. - № 5, С. 26- 31.
3. Загвязинский, В. И. Теория обучения: Современная интерпретация: [Текст] Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В.И. Загвязинский. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 192 с.
4. Гебель С.Ф. Использование песни на уроке иностранного языка. [Текст] //ИЯШ №5, 2009. – с. 28-30
5. <http://www.youtube.com/watch?v=MnjLytlZymO>
6. www.scoop.it/t/lieder-im-deutschunterricht

К. А. Жиренишина.¹, Б. Б. Тулеубаева²,

Аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің аға оқуышылары,

Алматы қ., Қазақстан

kulshat.zhyrenshina@gmail.com

НЕМІС ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ӘНДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Осы мақалада шетел тілдерін оқытудағы әндердің алатын орны, рөлі туралы жазылған, мақалада әнмен жұмыс ұйымдастырудың формалары, әндерді таңдау критерийлері, ән мен жұмыс істеудің негізгі қағидалары қарастырылған. Шетел тілі сабақтарында әндерді пайдалану – шетел тілін үйренудің ыңғайлы, оңай жолы болып табылады. Әннің шетел тілін үйренуде мықты ынталандыру күші болып табылатынын ескерген жөн, өзінің мазмұнымен ән студенттерді өздерінің ойларын ашып айтуға, көзқарастарын білдіруге жол ашады. Сонымен қатар, түпнұсқаға барабар, тиімді таңдалған әндер студенттердің ойлау қабілетін дамытып, олардың ықыласы мен ілтипатын, жадысын жақсартуға мүмкіндік береді, күрделі материалдарды, сөйлеу клишелерін, тұрақты сөз тіркестерін есте сақтауға көмектеседі. Яғни, музыка, студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыруда, олардың мінез-құлқы мен көңіл-күйіне жақсы әсер етеді, эстетикалық талғамын қалыптастырады.

Түйін сөздер: елтанымдық ерекшелік, мотивация, фонетикалық жаттығу, лексикалық материалды игеру, эмоционалдық аспект.

Zhyrenshina K.A.,¹ Tuleubayeva B.B.²

*Senior teachers of Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan,
kulshat.zhyrenshina@gmail.com*

USE OF SONGS IN GERMAN CLASSES

Abstract

This article deals with the significance and role of a song in teaching foreign languages, it shows the forms of arrangement of work with a song, the criteria for selecting songs and the basic principles of working with a song. Almost everyone loves music; therefore using songs in foreign language classes is a pleasant and easy way to learn a foreign language. It is important to understand that a song is one of the strongest stimuli for further learning a foreign language; a song can encourage students to express their own thoughts, relation and evaluation of something. Moreover, authentic and well-chosen songs develop thinking, mindfulness and memory of students, help to unconsciously keep track of complex material, speech clichés and set expressions in the memory. In addition, music positively influences the formation of the personality of students, their character and mood, and also forms an aesthetic sense.

Key words: country-specific, motivation, phonetic exercise, retention of lexical material, emotional aspect.

МРНТИ 14.07.03.

Елжанова М.Д. – магистрант

Ғылыми жетекші – ф.ғ.к. доцент Асқарова С.А.

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДАҒЫ CASE-STUDY ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада шетел тілі сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін және зияткерлік қасиетін case-study әдісі арқылы арттыру үшін қолданылатын тапсырмалар мен жаттығулардың мысалдары зерттеліп қарастырылған. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдірет күші тек білімге ғана тән. Сондықтан еліміздегі саяси-әлеуметтік өзгерістерді ескере отырып, білім мазмұнын жаңашаландыруға, болашақтың иесі болар жас ұрпаққа шет тілін меңгертуге, оны күнделікті өмірде қолдана білуге үйретуге баса назар аударылуда.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев “Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында деп мұғалімдердің алдына зор міндет қойды”. Осы тағылымға орай жеке тұлғаның білімділігіне, қабілетіне ден қоя отырып, оның шығармашылық дербестігін дамытуға және өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу қажет [1].

Түйін сөздер: шығармашылық, қабілет, жағдаят, іс-әрекет, оқу – тәрбие, әдістеме, әдіс-тәсілдер, тәжірибе, ойын түрлері, меңгеру, дағдыны қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсібін шыңдауға бағытталған рөлі атап көрсетілген: «педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, жеке шығармашылық қабілеттерінің көрініп, дамуы үшін жағдай жасауға міндетті», - делінген.

Оқытудың танымдық қызуғышылығын қалыптастырудағы маңызын бірқатар педагогтардың Колесников А.Ф., Кожевникова Т.В., Шамшырақова Г. және Колкер Я.М., Е.С. Устинова т.б. еңбектерінде зерттелген. ХҮІ ғасырда өмір сүрген француз ғалымы Мишель Монтень оқытудағы танымдық әрекеттің маңыздылығын ерекше атап көрсетті: «Оқушыға мұғалімнен алған білімін түгел сүзбеден өткізіп, өз бетінше талдау жасату қажет. Нәтижесінде білімге құштарлығы дами түсетіні сөзсіз», - деп атап көрсеткен.

Республикадағы ғалымдар Ж.А. Қараев, Н.Д. Хмель, М.Ә. Құдайқұлов, А.Е. Әбілқасымов, Қ.К. Жанпейісова, т.б. ғылыми еңбектерінде таным жөніндегі идеяларын уақытқа үйлесімді, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, өз бетімен білім алу, дағдыларын қалыптастырудың тиімді негіздерін зерттеген.

Оқытудың нақты жағдаяттар әдісі (метод конкретных учебных ситуаций) ХХ ғасырдың басында Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған. Жағдаяттар әдісі термині алғаш рет американдық ғалым Коплендтің еңбектерінде пайдаланылған. Копленд 1921 жылы оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарып, жағдаяттар әдісін қолдану жолдарын көрсеткен.

Жағдаяттық әдіс алғашқы кезде бизнес мектебінде ғана қолданылып келсе, бүгін де бұл әдіс арқылы оқытудың қолданылу аясы кеңіп, ол құқық, мәдениеттану, медицина және т. б. салаларда жемісті қолданылуда. Жағдаяттық әдісін педагогикалық оқыту үрдісіне енгізу әдіс-тәсілдерін: Кузьмичева Т.Н., Бабаева Ю.Д., Бабаева Ю.Д., Хмель Н.Д. Б.А., Тұрғынбаева қарастыруда.

Жағдаяттық әдісте басты назар оқушылардың ұсынылған реальды немесе қиялдық (алдын-ала құрастырылған) жағдаяттарды талдауы және осы жағдаятқа өзіндік баға беруі, өзінің ой-пікірін нақты әрі толық айтып беруі шәкірттің жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруге аударылады. Демек, мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын

қалыптастыруда кейс-стади амал-тәсілін қолдану - қазіргі білім беру талабына оқушының сабаққа деген қызығушылығын туғызатын жеке педагогиканың жаңа инновациялық жүйесі.

Жағдаяттық әдісін қолдану барысында оқытушының іс - әрекеті екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – кейс (жағдай) таңдап алу және сұрақтар құрауға арналған шығармашылық жұмыс - жағдайларды тақырыпқа сәйкес таңдап алу; - мақсат пен міндетті анықтау; жағдайды құрастыру және суреттеу. Екінші кезең – оқытушының аудиториядағы іс - әрекеті. Аудиториядағы жағдаяттар әдісін қолдану кезеңі - кейске кіріспе; жағдаяттың талдануы (шағын топтарда); пікірталас; қорытынды шығару. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларына мән беріп, оны меңгермегенше сауатты, жан жақты маман дайындау мүмкін емес. CASE-терді құрудың келесі негізгі сатылары белгіленген: мақсаттарды анықтау, әр түрлі жағдайларға критерилерді тағайындау, қажет ақпарат көздерін белгілеу, CASE – тегі алғашқы материалдарды дайындау, сараптама жасау, оны қолдану бойынша әдістемелік материалдар дайындау .

Оқу процесіндегі жағдаятқа қатысты жұмыс жасау келесі сатылардан тұрады:

- 1) жағдаят материалдарын зерттеушілердің жеке өзіндік жұмысы (мәселені сәйкестендіру, негізгі баламаларды тұжырымдау, ұсынылған әрекетті немесе шешімді ұсыну);
- 2) негізгі мәселені енгізуге және оны шешуге байланысты шағын топтармен жұмыс.
- 3) жалпы дискуссиядағы (оқу тобы шегінде) шағын топтардың тұсаукесерлері және тәжірибе нәтижелері.

Жағдаяттың құрылымы: жағдаяттардың көп түрлілігіне қарамастан олардың барлығының типтік құрылымы болады.

Ережеге сәйкес жағдаяттар келесілерден тұрады:

- Жағдаяттар – кездейсоқ жағдай, түйінді мәселе, шынайы өмірден оқиға.
- Жағдаяттар контексті - хронологиялық, тарихи, орын контексті. әрекеттердің немесе жағдайға қатысушылардың ерекшеліктері.
- Автор ұсынған жағдайға түсініктеме беру.
- Жағдаятпен жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар.
- Қосымшалар.

Жағдаятты құрастыру сатысы:

Білім мақсаттары жүйесінде жағдаяттың орнын анықтау.

Жағдаяттың тақырыбына тікелей қатысы бар институционалды жүйені іздеу.

- Жағдай моделін құру немесе таңдау.
- Сипаттауды құру.
- Қосымша ақпараттарды жинау.
- Ақырғы мәтінді даярлау.
- Кейстің тұсаукесері, талқылауды ұйымдастыру.

Жағдаяттық әдісі интерактивті әдістің бір түрі ретінде оқушылар үшін өте тиімді әдіс болып саналады. Бұл әдістің көмегімен оқушылар өз беттерінше теорияны меңгере отырып, практикалық дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады. Оқушы ситуацияға талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабақты қызығып оқуға тырысады. Қарастырылған оқыту технологиялары шет тілін оқытуда кеңінен қолданылады. Себебі осындай озық технологияларды оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін маңызды болып табылады.

Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды.

П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты- олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарынды оқушымен жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты.

Бұл контексте болашақ мұғалімді жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесін шығармашылық ынтамен меңгеру және пайдалану арқылы даярлаудың келешегі зор деп ойлаймыз.

Жаңашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоциональдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

Олардың тәжірибесі мына ережелерге негізделеді:

- оқытуды мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау.

- Күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);

- Өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);

- Ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);

- Оқушылардың өзін- өзі шығармашылық басқаруы;

- Тәрбиеге жеке тұлға тұрғысынан қарау;

- Ата- аналармен ынтымақтастық құру;

Сонымен, жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесі тұлғаны дамытуда ізгілік және шығармашылық көзқарасқа негізделген әдістер мен жүйесін құрайды.

Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар:

- өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу;

- оқушы дарындылығының моделін білу;

- қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу;

- дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгірімге ғана көңіл бөлмей оның басқа да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу;

- дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі.

Мұғалімнің іскерлігіне қойлатын талаптар:

- дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;

- дарынды оқушыларды (жекелей және топпен)оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;

- оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;

- дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;

- дарынды оқушының ғылыми –ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;

- дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы.

Сондай-ақ дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби “бейнесі” мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зертеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне,

қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

- 1.Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
- 2.Сабақты түрлендіріп өткізу;
- 3.Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
- 4.Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
- 5.Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Қорыта келгенде, Гальскова Н.Д., Гез Н.Н “ұдай еңбек ету - өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек студі міндеттейді .

Әрине, артқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми-ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с. Өйткені, ХХІ ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бірсәтте естен шығармағанымыз жөн.

Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың ынтанымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт тұстанады, қабілет білігін ұштай түседі.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттері ашылу үшін белсенді формалар мен әдістерді қолдану керек: әңгімелесу, пікірталас, ойындар, тартыстар, жорықтар мен сайыстар, сұхбат, байқаулар, олимпиадалар, бақылаулар, шығармашылық еңбек, жобалар, дербес сабақтар.

Оқушылардың қабілеттеріне қарай әрбірі оқушылардың ойыны оқытып, ойландыруға, талдау жасауға, салыстыруға жетелейтін жеке шығармашылық тапсырма береміз.

Осындай әдістерді жиі пайдалану оқушылардың шығармашылық қабаулуына, шәкірт бойындағы талант көзінашуға, тілін байытып, қиялын ұштаумен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Олар мынадай:

Тақырыпты терең ұғындыру, түсіндіру;

Сабақта немесе сабақтан тыс уақыттарда әр түрлі тақырыптарда пікірталас тудырып отыру;

Логикалық ойлауын жетілдіретін тапсырмалар беру;

Ойларынан тест тапсырмаларын құрап келу, есеп құрау, ертегі құрау, ертегілерді сахналау, шағын мәтіндер құрау, өлең жолдарын құрау;

Қиялдау арқылы сурет салғызу;

Ана тілі сабақтарында мінездеме беру; Авторлар туралы толық мағлұмат жинау, реферат жазу;

Әр түрлі тақырыпта сайыс, пікірталас өткізіп, алған әсерлеріне шығармалар жазу; Сабақ үстінде қосымша тапсырмалар беріп, орындауын қадағалау.

Осындай әдіс – тәсілдерді үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Бала бойындағы қабілетті ашу – оқушыны шығармашылық бағытта дамуына жете мән беруі болып табылады.

Бала мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастағы сезім байланысын орнатып, үйлесімділікке қол жеткізуге Мильруд Р.П. Бим И.Л. мұғалімдерге берген кеңесін де басшылыққа алуға болады. Ол: «Педагогикалық процесте баламен тіл таба білу, яғни балаға өз ойын, талғамын, көңіліндегісін айтуға мүрсат беру тәрбиешіден көп шеберлікті

талап етеді. Осынау қарым-қатынаста бала жанының қозғалысы ұстаз жанының қозғалысымен үйлесім тапқан кезде бала өз бойындағы табиғи дарынын ашады, ал мұғалім өзінің шығармашылық жігер қуатының жемісін көруге мүмкіндік алады. Басқаша айтқанда, бала шығармашылығы мұғалім шығармашылығымен ұштасып кетеді. Мұндай жағдайда рухани тұтастық пайда болады» - дейді [58, 59].

Шығармашылықпен айналысқан оқушының ойы жүйрік, тұғыры биік азамат болып қалыптасады. Ана тілімен қатар қазақ тілі сабағы да сөзбен жүргізілетін жұмыс сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі. Сөздік жұмысы оқушыны бір жағынан ойлауға жетелесе, екінші жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады [59].

Қорыта айтқанда, оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:

- 1) сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
- 2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- 3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- 4) үйрену барысындағы оқу-шылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
- 5) кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау;
- 6) оқушылардың бір-бірінің жауа-бына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;
- 7) сын тұрғысынан ойлауды бағалау [61, 62].

Адамдардың қабілеттер деңгейі жағынан тең дәрежеде болмауы. Қабілеттердің бірдей емес екендігін сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге және әр деңгейде қабілетті болатындығымен дәлелдеуге болады.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін арттыруда түрлі әдіс – тәсілдерді өз сабағымда қолданамын. Сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызамын. Түрлі әдіс-тәсілдің көмегімен өткізген әр сабақ оқушылардың ойлауын және қиялын, ойын дамытып, оларды берілген мәліметтерден өздігінен білім алуға үйретеді [63].

Мұғалімнің міндеті – Оқушылардың өзіне деген сенімін арттыру, өзін тұлға ретінде сезінетіндей мүмкіндік ашу, өзін тұлға ретінде сезінген бала әрқашан өмірде өз жолын таба алады.

Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында сыни тұрғысынан ойлау технологиясын өз сабақтарымда қолданып жүрмін. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясының мені қызықтырғаны Оқушылардың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Сыни тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама.

Мазмұнға байланысты міндеттер:

1. Әңгімені оқып танысады.
2. Мазмұнын ашады.
3. Кейіпкерлерді салыстыра отырып айырмашылықтары мен ұқсастықтарын сипаттай алады.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамытуға байланысты:

Оқушының оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауын дамыту, қиялын шарықтату және сезімін ояту.

Топтық жұмыс үрдісіне байланысты міндеті:

1. Оқушылар бір-бірімен пікірлесе отырып, ортақ қорытынды шығарады.
2. Тақырыптық түсініксіз жерлерін айқындайды.
3. Топтастарының сұрақтарына жауап береді.
4. Қорытынды шығарады, өз пікірін дәлелдейді. Тәрбиелік мәні: Өзара құрмет сезімін тудыру. Басқаның пікірін сыйлауға, сөзін бөлмеуге тәрбиелеу.

Сыни тұрғыдан оқу мен жазудың көмегі зор. Бұл жұмыстарды бірнеше тақырыптар көлемінде өткіздім. Оқушы жеке жұмыс істеуге жаттығады. Өз ойын көпшілікке жеткізуге ықпал етеді. Сабақтың соңында мәтіннің тақырыбына байланысты өз ойларын білдіріп, көкейлеріне не түйді соны қағаз бетіне түсіреді. Сыни тұрғыдан оқу мен жазу бағдарламасының нәтижесі төмендегідей болды. СТО құрылымы бойынша ұйымдастырылған сабақтар Оқушылардың ізденімпаздық, зерттеушілік, дәлелдеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамытатынына көз жеткіздім.

Сабақта сыни тұрғысынан оқыту технологиясының стратегияларын пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отырдым. Әрбір әдіс оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді. Оқушылардың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге, дәлелдеуге үйретеді.

“Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту” технологиясы **үш кезең** бойынша қолданылады:

1. Қызығушылықты ояту;
2. Мағынаны тану;
3. Ой – толғаныс.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу технологиясының үш кезеңі

1. Қызығушылықты ояту кезеңі:

Мұғалім міндеті	Оқушы міндеті	Әдіс-тәсілдері
Оқушылардың қызығушылықтарын сақтай отырып, жаңа тақырыппен жұмыс істеу, бірте-бірте «ескі» білімнен «жаңа» білімге көшу т.б.	Оқушы мәтінді оқиды, мазмұндайды, талдайды, түсіндіреді, жаңа тақырып бойынша жазбалар жүргізеді.	- Кластер; - Білемін, білмеймін, білгім келеді кестесін толтыру; - Екі бөлікті күнделік; - Берілген сұрақтарға жауап іздеу.

Бұл кезеңде алынған ақпараттар тыңдалады, жазылады, талқыланады, жұмыс жеке, жұппен немесе топпен жүргізіледі.

2. Ой толғаныс кезеңі:

Мұғалім міндеті	Оқушы міндеті	Әдіс-тәсілдері
Өтілетін тақырып бойынша оқушы білімін тексеру, оқушы белсенділігін арттыру, сабақтың келесі кезеңдерін жоспарлау, алдағы жұмыстарды кескіндеу т.б.	Оқушы өтілетін тақырып бойынша не білетінін еске түсіреді, болжамдар жасайды, тақырыпты жүйелейді, білгісі келетін нәрселерді сұрайды т.б.	- Әңгімелесу; - Кластер; - Дұрыс, дұрыс емес атты қағидалар; - Инсерт; - Екі бөлікті күнделік; - Концептуалды кесте т.б.

3. Қорытынды кезеңі:

Мұғалім міндеті	Оқушы міндеті	Әдіс-тәсілдері
Сабақтың алғашқы кезеңіндегі жазбаларға оралып, өзгертулер мен толықтырулар енгізеді, өтілген тақырып бойынша зерттеулер жүргізеді т.б.	Оқушылар жаңа тақырыптан алған мәліметтер мен оған дейінгі өз білімдерін салыстырады, сол дәуір мен қазіргі дәуірдегі ролдерін салыстырады т.б.	- Пікірталас; - Кластер; - Кесте толтыру; - Сұрақтарға жауап; - Шығармашылық жұмыстар жазу;

Осындай сабақ барысында оқушылар өздерінің, бір-бірінің ой-пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа тың идеялар туғызады. Сабақтар Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар мұндай сабақтарда оқудың қызықты әрі жеңіл өтетіндігін, ұжымды бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды.

Қорыта келгенде, шығармашылық тұлға басқалардан өз ісіне деген сенімділігін, әдемілікті сезіне білуімен, өзгеше шабытымен ерекшеленеді. Шығармашылық қабілеттерін дамыту ісін неғұрлым ерте қолға алып, әр оқушының қол жеткен нәтижелері мен даму дәрежесіне үнемі қарайлап отырсақ, шығармашылыққа өз үлестерін қосары сөзсіз. Оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге деген ынтасын арттыруға болады. Осындай ойындар мен тапсырмаларды шетел тілі сабағында қолдана отырып, оқушылардың логикалық ойлауға машықтануы, шығармашылық жұмыстармен айналысуы, пәнге деген қызығушылығы, берілген тапсырманың мақсаты мен мәнін анықтай білуі, өз бетімен жұмыс жасауға ынтасын көтеру болады. «Болашақтың баласында, данасында, ғалымында ұстаз өсіреді» деген Б.Момышұлының қанатты сөзі өте орынды айтылғанын мақала желісі дәлелдеп тұр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахмедиева А.Т «Шет тілі сабағында оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеу» Ағылшын тілі мектепте 1.2011ж. 32 бет
2. Ахметқалиева Г. «Шығармашылық жұмыстар» Қазақстан мектебі 7.2011ж 24 бет
3. Тұрысбаева.А. «Дамыта оқыту технологиясы»
4. Жасыбаева А. «Ағылшын тілі сабағында жүргізілетін жазба жұмыстарының түрлері»
Ағылшын тілі мектепте 6.2010ж 43-бет
5. Мағауова А.С. Оқу үрдісінде жеке тұлғаны дамыту // Қазақстан мектебі. - 2004. -№4. -Б. 56-58
6. Torrance E.P. Crowing up creatively gifted: a 22-year longitudinal study. Creative Child and Adult Quaterly. 1980. - №5. -.148-170
7. Barron F., Harrington D. Creativity, Intlligence and personality//Ann. Rev. Of Psychol. 1981. -Vol 32. -P. 439-476
8. ҚР-ның «Білім туралы» Заңы. Астана 2004 ж.
Москва, 2001г.
9. Сарузенoвa F «Ағылшын тілі сабағында оқушылардың шығармашылық пен ізденіс қабілеттерін дамыту» [электронник ресурс] адрес <http://www.baiandama>

Елжанова М.Д. – магистрант

Научный руководитель –к.ф.н. доцент Асқарова С.А.

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МЕТОДА CASE-STUDY НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются аспекты развития творческих способностей с использованием метода case-study на уроках иностранного языка, а так же приводятся примеры использования заданий и упражнений, способствующих активизации

творческого потенциала учащихся, направленного на развитие интеллектуальных качеств и творческих способностей школьников.

Ключевые слова: развитие креативности, case-study, творческие способности, творческий потенциал, творческое мышление.

*M.D. Yelzhanova, undergraduate
Supervisor – PhD Candidate Асқарова С.А.
(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

DEVELOPMENT OF STUDENTS' CREATIVE ABILITIES USING CASE STUDY METHODS AT THE FOREIGN LANGUAGE LESSON SUMMARY

This article deals with aspects of development of students' creative abilities using case study methods, as well as examples of assignments' use and exercises, it helps to activate students' creative potential, aimed at the development of intellectual skills and students' creative abilities.

Keywords: development of *creative abilities*, case-study, development of creativity, creative education, creative thinking.

МРНТИ 14.35.09

Х.Карден
ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ МЕДИАФИЛЬМДЕРДІ ҚОЛДАНУ
*Абай атындағы ҚазҰПУ 1 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі- ф.ғ.д., профессор Абуов Ж.А.
Алматы қ., Қазақстан
Аңдатпа*

Қазіргі кездегі шетел тілін оқыту үрдісіндегі инновациялық технологиялардың бірі- интернет технологиялардың тиімділігі, маңыздылығы толық және оған айқындалған қосалқы дәлелдердің еш қажеті жоқ. Мақалада шетел тілін оқыту үрдісін аудио, видео фильмдерді қолдану арқылы оқытуды нығайту мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар білім алушылардың коммуникативтік тілдік қабілетін видео технологияларды қолдану арқылы дамыту жолдары да зерделенеді. Кәсіби деңгейдегі шетел тілін оқытуда медиафильмдердің тиімділігі ұнтаспа материалдарын, әсіресе аудио және видео фильмдерді қолданудың әдістемелік нұсқаулықтары ұсынылды.

Түйін сөздер: шетел тілі, аудио, видео технологиялар, медиафильмдер, кәсіби деңгей, коммуникативтік-тілдік дағдылары

Сапалы білімді қамтамасыз етуде қазіргі қолданылып жатқан әдіс-амалдар өте мол, студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін арттыруда жаңа технологиялар да артуда, тек әр ұстаз, өз студенттеріне ыңғайлысын қолдана білуден ұтады. Соның бірі ағылшын тілін оқытуда қолданылған шығармашылық тапсырмалар, студенттер өздері ізденеді, тілге деген құрметі артады, әр тақырыптың мәні ашылып, талданады, қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстырылып, сыйластыққа үйретеді, пәнге деген қызығушылықтары да арта түседі, ең негізгісі студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады деп ойлаймыз.

Медиафильмдер арқылы студенттерді сөйлеуге үйрету дегенде мынадай ұғымға мән беріледі: бұл-адам мен адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі яғни бір адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуі, сөйлеуі, айтуы. Сонымен бірге айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік жауап қайтаруы. Сөйлеуге үйретудің бір адамға қатысты мәселе емес екендігін көрсетеді. Ол тілдік коммуникация арқылы жүзеге асады. Сөйлеу әрекеті-тілді үйрену жолындағы маңызды баспалдақ, қажетті шарт қана емес, ол-адамзаттың қоғамдағы орнын, қызметін көрсететін күрделі әрекет. Өйткені, сөйлеу әрекеті адамдық қасиетті білдіретін басты өлшемдердің бірі. Ауызша сөйлеуге үйрету- тілді жалаң үйрену емес, адамның жалпы ойлау құзыреттілігін кеңейту, жетілдіру деген сөз. Жалпы сөйлеу әрекетін меңгеру үшін мына жағдайларды ескеру қажет: үйрететін тілде сөйлеуге деген қажеттілік; қоршаған орта, жағдайдың әсері; жеке бастың қабілеті; сөйлеудің негізгі мақсатын айқындау.

Зерттеу жұмысында тақырып бойынша коммуникативтік әдістерді басшылыққа ала отырып, сараптау, негіздеу, талдау, жүйелеу және тұжырымдау әдістерін қолдандық. Ағылшын тілін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жетуде ауызша сөйлеудің маңызы зор. Сөйлеуге үйрету үшін оқыту әдісі ситуативті әдіс болуы керек себебі: жағдаятты қатысты сөйлеу әрекетінің табиғи қасиеті болып табылады.

Полат Е. С. видеофильмдерді қолданудың негізгі 4 деңгейін ұсынған: «дайындық кезеңі (подготовительный – создание мотива и снятие языковых и лингвострановедческих трудностей); қабылдау кезеңі (восприятие фильма (нацелен на развитие умений воспринимать информацию); бақылау кезеңі (контроль понимания основного содержания); тілді дамыту кезеңі (развитие языковых навыков и речевых умений)» деп қорытқан. Соңғы кезеңде фидеофрагменттер қайтадан көрсетілуі мүмкін жағдай. Өйткені соңғы кезеңде студенттердің сөйлеу дағдылары мен коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасатын кезең. Бұл кезеңде видеоматериалдың мазмұнының толық түсінікті жағдайда болуы студенттерге өз ойлары мен тұжырымдарын жасауға, пікірталастыруға мүмкіндік береді [1].

Төмендегі видеоматериалды осы төрт кезең бойынша орындап көрейік:

Медиафильм тақырыбы: “A Piece of Cake”.

- *Дайындық жұмыстар.* Медия технологияны қолдана отырып, студенттерге көрсетілетін видеофильм не туралы болуы мүмкіндігін болжауға мүмкіндік береміз. Сонымен қатар жаңа лексика ұсынылады, және әр бөлім көрсетілу алдында беріледі, әсіресе фразеологизмдерге мән берілді: мысалы: ***It's a Piece of Cake, No sweat, It's a snap.***

Сонымен қатар американдықтардың диетасы туралы елтанымдық сұрақтар мен жаттығулар орындалды.

Today, millions of Americans are exercising for good health. One out of every ten Americans exercises every day to stay in good shape. Interest in sports and eating healthy foods is popular all across the country. Every day in the USA thousands of men, women and children run through parks or city streets for good health.

Today, fitness is part of the American way of life. More than ever before, a good diet and exercise program are important in the USA.

- Әр бөлім бойынша қабылдау кезеңін ұйымдастыру: Бұл бағытта әр бөлім басталмас бұрын нұсқаулар берілді. Бұл студенттерге материалдың қай тұсына жете мән беру керектігіне дайындауды көздейді.

Act 1. Why do Marilyn and Richard make a bet?

Act 2. Why does Richard sing and dance after aerobic class?

Act 3. What did Richard understand?

- Медиафильмнің мазмұнын студенттердің түсінгенін бақылау кезеңінде студенттерге сұрақтар қойылды. Сонымен қатар кешенді жаттығулар орындалды. Мысалы: «Choose the correct answer», ‘Make the sentences into correct order’, “True or False”

және тағы басқалар. Бұл кезеңде видеоматериал “A Piece of Cake” тақырыбы бойынша төмендегі жаттығу орындалды:

What happens after the class? Circle a, b, c.

1. Richard sings and dances because
 - a) he is happy that he won the bet
 - b) he enjoys doing exercises
 - c) he wants Marilyn to think that he feels fine after the exercises.
2. Richard makes Marilyn believe that
 - a) he didn't really exercise
 - b) he photographed the class
 - c) he exercised with no problem.
3. Richard
 - a) tells Marilyn the truth
 - b) doesn't tell Marilyn the truth
 - c) doesn't remember the truth.

• Студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында төмендегі тапсырмалар орындалды:

1. Describe Marilyn after the aerobic class.
2. What idioms would you use to describe advanced aerobic class which Richard and Marilyn attended together.
3. Act out a dialogue between Richard and Marilyn about doing exercises.
4. Prove that Richard and Marilyn was a loving and friendly couple.

Осы кезеңде студенттерге медиафильм толығымен бір көрсетілді. Осы арқылы студенттердің тек медиафильмнің мазмұнын ғана емес, әр бөліктегі мағлұматтарды түсініп, жағдайды бағамдап, өз ойларынан мінездеме беру арқылы бекітілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып сөйлеуге мүмкіндік алды. Тақырып бойынша студенттердің коммуникативтік құзыреттілігі дамыды, пікірталасқа қатысып, өз ойларын ашық білдірді.

• **Рөлдік ойындар** қолдануда және ұйымдастыруда көптеген жаңа әдістерді қолдануға болады. Сөйлеуге үйрету үшін қажетті ситуацияларды мынадай жолдармен беруге болады:

Мақалада болашақ шет тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері талқыланады. Қазіргі таңда Қазақстанда шетел тілдерін оқыту жақсы жолға қойылған. Осыған орай, оқу үрдісінде болашақ шетел тілі мұғалімінің құзырлығын қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Ал, құзыреттілік дегеніміз – бұл адамға берілген немесе жүктеген істі нәтижелі түрде орындауын бағалау мінездемесі. Бұл адамның бойында өзіндік, жауапкершілік, коммуникабельдік, жаңалықты жоғары қабылдайтын, мәселені шеше алатын, адамгершілігі мол, білімі жоғары, жаңа технологияларды меңгере алатын, ұжымда жұмыс жүргізе алатын, белсенділік қасиет - қабілеттерінің болуы. Болашақ құзырлы мұғалім - бәсекелестікке қабілетті, шығармашыл, білімді, білікті, өз қызметін нақты білетін, оқу үрдісін ұйымдастыра алатын, ақпараттық орта әлеуетін пайдалана алатын, жаңа технологияларды қолдана білетін маман иесі.

Түйін сөздер: болашақ мұғалім, білім беру, шет тілі, мағына, кәсіби, құзірет, құзыреттілік, құзыреттілік қалыптастыру.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі модернизациялау үдерісі — білім мазмұны мен сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық технологиялар жөнінде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру секілді кешенді шараларға тікелей қатысты. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық — заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», — деп атап көрсетті [1]. Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси онтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, онтайлы кәсіби маман дайындау.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда еліміздегі білім беру саласының бағыт-бағдарын айқындайтын Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны бәрімізге белгілі. Бағдарлама бірнеше мақсаттар мен міндеттерден туындап отыр, соның ішінде техникалық және кәсіптік білім берудің

мақсаты: қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру [2]. Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіктерін сезіну» — кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген.

Болашақ кәсіби құзіретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт — бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заманның талабы.

Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның — қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ.

Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда.

“Құзыреттілік” түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. “Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік” ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, “кәсіптілік”, “біліктілік”, “кәсіби мүмкіндіктер” және т.б. түсініктерді біріктіреді [3] «Құзірет» және «құзіреттілік» ұғымдарын педагогикалық үрдіске енгізу бағытында ғалымдар зерттеу жұмыстарын арнап, әдіснамалық мәнін ашып, өздерінің әртүрлі түсініктемелерімен сипаттауда. Аталған ұғымдардың табиғи мәніне жетуге байланысты Д.И.Ушаковтың редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздіктің авторлары “құзыреттілік” және “құзырет” сөздерінің арасындағы айырмашылықтарды дәлелдеуге тырысқан. “Құзыреттілік” – хабардар болушылық, абыройлық; “құзырет” –

жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы деген, К.В.Шапошников: «Кәсіби құзіреттілік категориясын: қоршаған ортамен өзара әрекет етуінде адамның кәсіби іс – әрекетін жобалау және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттері, білімі, іскерлігі және тәжірибесінің біріккен жиынтығы », -десе, И.Н.Алмазова құзірет – адамның іс-әрекеті саласындағы білімі мен іскерлігі, ал құзіреттілік – маман құзырлық қасиеттерін сапалы қолдана алуы тұрғысында пайымдайды [4] . Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық қырларын Ш.Х.Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау), Б.Т.Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Г.Ж.Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік

құзыреттілігі), Б.Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы), С.И.Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) және т.б. ғалымдар зерттеген.

Маманның кәсіби құзіреттілік мәселесі күрделі де көп қырлы. Бұл ғылыми педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістерінде, гуманитарлық ғылымда әр қырынан қарастырылып жүр.

Құзіреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі бір мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген белсенді іс-әрекеттен көрінеді.

Осы ретте еліміздің кәсіби білім беру жүйесі алдында, оның ішінде болашақ педагог даярлауда ең алдымен педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру міндеті тұр. Кәсіби құзыреттілік ұғымын түсіндіруде екі бағыт бар: адамның стандартқа сәйкес әрекет ету қабілеті; жеке тұлғаның жұмыста нәтижеге жетуіне мүмкіндік беретін сапалары. Б.Т. Кенжебеков құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез — келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады», — деп анықтама береді [5].

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді. Сондықтан, кәсіби білімді маманның құзіреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асыру болып табылады.

Құзіреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім қабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы. Құзіреттілік — жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді. Құзіреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді.

Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың мазызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі [5]. Ғалымдардың пікірлерін

басшылыққа ала отырып, біз «құзыреттілік» ұғымына – студенттердің жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген түсінік бере аламыз.

Сонымен педагог-психолог, ғалымдардың пікірі бойынша еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби оңтайлы маманның бойында белгілі бір құзіреттіліктер қалыптасуы қажет.

Біріншіден, бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);

Екіншіден, мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

Үшіншіден;оқу-танымдық құзіреттілік(өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

Төртіншіден; коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

Бесіншіден, ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

Алтыншыдан, әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

Жетіншіден, тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті) [6]. Қорыта келе, кәсіби құзыреттілік ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады.

Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады. Студенттің кәсіби құзыреттілігі кәсіби және жеке сапалардан құралады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. –Астана. 14 желтоқсан, 2012.
2. Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2010.
3. Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлылығын дамыту.//Білім берудегі менеджмент, №4.2009
4. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. -Москва., 2002
5. Ш.Х.Құрманалина,Б.Ж.Мұқанова. Педагогика. -Алматы., 2007
- 6.Омарова Л.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары -Алматы., 2007

Бимбетова Г.А. – магистрантка 1 курса
по специальности 6М011900 Два иностранных языка, gulzhakhan-ok@mail.ru
Научный руководитель: **Сыздыкова З.Ж.** – к.п.н. КазУМОиМЯ им. Абылай хана

ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В статье рассматриваются о теоретические основы формирования профессиональной компетентности будущего учителя иностранного языка. Будущий компетентный преподаватель это – конкурентоспособный, творческий, образованный, квалифицированный, точно знающий свои обязанности, способный организовать учебный процесс а также использовать новые технологий.

Ключевые слова: будущий преподаватель, образование, иностранный язык, значение, профессиональная компетентия, компетенция, компетентность.

Gulzhakhan Bimbetova – 1st course master specialty of foreign languages: two foreign languages, gulzhakhan-ok@mail.ru
Scientific supervisor: Syzdykova Z.Zh. – Candidate of Pedagogical science, KazUMOiMYa named after Ablaihan

FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE FOREIGN LANGUAGE TEACHERS

Annotation

This article about theoretical basis of formation of professional competence of future foreign language teachers. Future competent teacher is a – competitive, creative, educated and qualified teacher who knows exactly his duties, being able to organize learning process and who is aware of usage of new technology.

Keywords: future teacher, education, foreign language, meaning, professional competence, competence.

МРНТИ 14.35,09

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Құдайберген Айнұр Қайратқызы – Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ 6М011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 1 курс магистранты, 94.ak@mail.ru
Ғылыми жетекші: Сыздыкова З.Ж. – к.п.н . Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘнеӘТУ

Аннотация

Бұл мақалада шетел тілін оқытуда студенттердің тілдік құзыреттілігін дамыту және оның жолдары туралы айтылады. Тілдік құзыреттілікті қалыптастыру тілдің барлық бірлігін, яғни, фонетикалық, сөзжасамдық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлерін қалыптастыру. Шет тілін оқыту барысында тілдік құзыреттілікті дамыту өте маңызды. Тілдік құзыреттілік- тілді меңгеру, оның құрылғысы мен функциялануын, тілдік нормаларын, соның ішінде орфографиялық және пунктуациялық тілдік нормалары. Тілдік құзыреттілікті дамытуға көңіл аудару қажет. Тілдік құзыреттілікті дамытуға түрлі жаттығулар тобы берілді.

Түйін сөздер: тілдік құзыреттілік, құзыреттілік, қатысымдық, шеттілдік, ағылшын тілі, білім беру.

Кудайберген Айнур Кайратқызы - Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана.

6M011900 – «Иностранный язык: два иностранных языка», магистрант 1 курса, 94.ak@mail.ru

Научный руководитель: Сыздыкова З.Ж. – к.п.н. КазУМОиМЯ им.Абылай хана

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ НА УРОКЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В данной статье говорится о языковой компетентности студентов в изучении иностранного языка и пути его развития. Все единицы языка, формирование языковой компетенции, то есть, фонетических, лексических, морфологических, синтаксических уровней. Развитие языковой компетенции в процессе изучения иностранного языка очень важно. Языковая компетентность - владение языком, его устройством и функционированием, языковых норм, в том числе орфографических пунктуационных и языковых норм. Необходимо обратить внимание на развитие языковой компетенции. Даны различные группы упражнения на развитие языковой компетентности.

Ключевые слова: языковая компетенция, компетентность, обучение иностранного языка, английский язык, образование.

Kudaiberger Ainur Kairatkyzy - The Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

*6M011900 – «Foreign language: two foreign languages», 1 course of MA, 94.ak@mail.ru
Scientific adviser: Syzdykova Z.Zh. - Candidate of Pedagogic Sciences, KazUIR&WL named after Ablai khan.*

FEATURES OF THE FORMATION OF SOCIO-CULTURAL COMPETENCE OF HIGH SCHOOL STUDENTS IN FLT

Abstract

This article refers to the language competence of students in the study of a foreign language and the ways of its development. All units of language, formation of linguistic competence, phonetic, lexical, morphological, syntactic levels. The development of linguistic competence in the process of learning a foreign language is very important. The language competence - language skills, its structure and functioning, language norms, including punctuation, spelling and language norms. It is necessary to pay attention to the development of linguistic competence. It was given the various groups of exercises on the development of language competence.

Key words: language competence, competency, foreign language teaching, education.

Қазіргі кезде қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі ту түбірлі өзгерістерге байланысты білім жүйесінде және оның мазмұны мен оқыту технологиясында да өзгерістер болып жатыр. Осыған орай, соңғы жылдары білім берудің өзекті мәселелерінің біріне шетел тілдерін оқып-үйрену жатады. Кем дегенде бір шетел тілін үйрену қазіргі кезде өте өзекті екені мәлім. Әлеуметтік - экономикалық және саяси жағдайға сәйкес әр түрлі қоғамдық құрылымдарда әрдайым түрлі өзгерістер орын алуда, соның ішінде білім беруде де. Бүгінгі таңда ЖОО-дағы шеттілдік білім берудің теориясы мен әдістемесі саласында шеттілдік білім беруді реформалаудың және ғылыми зерттеуді жетілдірудің негізгі бағыттары анықталды. Жалпы білім берудегі мемлекеттік стандарт – мемлекеттік аккредитациядан өткен жалпы білім беру мекемелеріндегі негізгі білім беру бағдарламасын іске асырудағы талаптардың жиынтығы. Стандарттың негізінде өзін-өзі дамыту және үздіксіз білім беру дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін жүйелі - әрекеттік тәсіл жатады. Осылайша, “Ағылшын тілі” пәнінің маңыздылығы арта түсуде. Шетел тілін, яғни ағылшын тілін меңгеру студенттерге көптеген мүмкіндіктер береді және білім алушылардың алдына көптеген есіктерін ашатыны белгілі. Қазіргі кезде көптеген жоғары оқу орындарында шетел тілінде білім беру бағдарламаларына көптеген талаптар қойылып, даму үстінде. Соған орай студенттерге шетел тілін меңгерту мәселелері түрлі құзыреттіліктерді қалыптастыру колға алынуда. [1]

Мәдениетаралық қатысымды іске асыруда тіл мен мәдениет маңызды рөл атқарады. Шетел тілін оқыту барысында мәдениетаралық-қатысымдық құзыреттілікті дамыту өте маңызды. Шетел тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бәрі - мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру және шетел тілінде сөйлеуге дайын болу болып табылады. Шетел тілін білу мәдениетаралық өзара әрекеттің сәтті жүруіне кепілдік бермейді. Яғни мәдениетаралық-қатысымдық құзыреттілік ол тілі оқытылып отырған елдің мәдениетін білу ғана емес, ол мәдениетаралық қатысым жағдайында іске асатын күрделі құзыреттіліктер жиынтығын меңгеру. [2] Тілді екінші және шет тілі ретінде оқытудың тұжырымдамасын соңғы уақыттарда құзіреттілік жолымен қарастырылып келеді. Сапалы білім алған, құзыретті, бәсекелестікке төтеп бере алатын студенттер ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, ұлттық санасы бай және көптілді меңгерген маман арқылы іске асады. [3]

Қазіргі кезде құзыреттілік терминіне көптеген түрлі анықтамалар берілген. Мәселен, А.В.Хуторской [4], З.Е. Шилов, С.Г. Агапова [5], Л.П.Борисовтың [6], Дж. Равеннің [7], Л. М. Митинаның [8] еңбектерінде, сондай-ақ, отандық ғалымдарымыз С.С.Құнанбаева [2] мен Д.Н. Кулибаеваның [9] еңбектерінен де көре аламыз.

Д.Хаймс кез-келген тілді жетік үйрену грамматикалық және лексикалық іскерліктерді қалыптастырумен ғана емес, сонымен бірге оны әртүрлі жағдайларда қолдануға қажетті құзіреттілікті қалыптастырумен тығыз байланысты екенін дәлелдеді, соған сәйкес ғылымға «коммуникативтік құзіреттілік» терминін енгізді. Ал коммуникативтік құзіреттілік өз кезегінде шынайы қарым-қатынас жағдайында аса қажет болатын бірнеше құрамдас бөліктерге бөлінеді.

Соның ішінде маңызды құзыреттіліктің бірі тілдік құзіреттілік (тілдің графикалық, орфографикалық, лексикалық және грамматикалық жақтары).

- сөздік құзіреттілік (сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу).
- әлеуметтік - мәдени құзіреттілік (сол тілде сөйлейтін халықтардың әлеуметтік - мәдени портреті).
- компенсаторлық құзіреттілік.
- оқу танымдық құзіреттілік (жалпы және арнайы іскерліктер),
- лингвомәдени құзіреттілік
- кәсіби құзіреттілік.

Лингвистика саласында “құзіреттілік”, “тілдік құзіреттілік” терминдерін американдық лингвист Н.Хомский шамамен XXғ. ортасында енгізді. Оның пайымдауынша, бұл термин меңгерілген тілдік белгілер мен олардың қосылу ережелерінің көмегімен түсіну және

тілдік қатынаста шексіз дұрыс сойлем құру қабілетін білдіреді. [10] Яғни, құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Яғни, тілдік құзіреттілік – бұл белгілі бір деңгейде орфографиялық, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық аспектілерін иелену жетістігі және дұрыс пікір құрастыруға тілдік құралдарды пайдалану қабілеті. Қазіргі кезде “құзіреттілік” терминін көптеген салаларда кездестіруге болады. Әсіресе білім беру саласында құзіреттілікті студенттерде қалыптастыру, яғни оқыту мәселесін нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетіледі. Себебі, құзіреттілік ұғымы студенттердің белгілі бір мәселелер шеңберінде таныммен қоса, тәжірибеге ие болуы, сонымен студенттердің алған білімін, бойында бар білігін қолдана білуімен қатар, өзін өзі үздіксіз жетілдіру мен дамыту нәтижесінде алған білімі мен білігіне жаңа мағына беріп, басқаша құрылым жасау қабілетін көрсетеді.

Іс Жүзінде Н. Хомский тілдік құзыреттілікті грамматикалық білім ретінде қарастырады. Оның пікірінше, тілдік құзыреттілік әрқашан тілдік жүйені меңгерумен байланысты, яғни процесске қарағанда көбіне жағдайды білдіреді.

Білім алушыға қатысымдық құзыреттіліктің даму белгілерінің бірі ол – лингвистикалық, яғни тілдік құзыреттілік.

Тілдік құзыреттілік оқылатын тілдің барлық бірлігін – фонетикалық, сөзжасамдық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлерін қарастырады. Е.А.Назаренконың пайымдауынша, күрделі бірліктерден коммуникативтік синтаксистік бірліктерді құруға дейінгі үдерісі кезінде тілдік бірліктерді қолдана алуы қажет. Яғни, тілдік құралдармен оқып жатқан елдің тілін жүйелі білу; грамматикалық дұрыс сөйлемдерді продукциялай білу; лингвистикалық талдау жасай білу. Тілдік құзыреттілік лингвистикалық құзыреттілікпен бірге жиі қарастырылады. [11] Яғни, тілдік құзіреттілік ол тілді меңгеру, оның құрылғысы мен функциялануын, тілдік нормаларын, соның ішінде орфографиялық және пунктуациялық тілдік нормалары. Атап айтқанда тілдік және қатысымдық құзіреттілік тілдік қарым-қатынастағы білік пен дағдыны қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан да, құзіреттілік - ол білім алушы үшін оның болашақ сөйлеу қарым-қатынасты игеру образы. Сөйлеу әрекеті оның барлық түрлерінде қалыптасады – оқылым, айтылым, жазылым және тыңдалымда.

Демек, кез-келген баланы өрлеу жолына шыға алатын, өз бетінше, стандартты емес түрде ойлана алатын, бастысы “оқуға үйретуге” және оны өмір бойына үйретуге жағдай жасау әр оқытушының алдындағы міндет болып табылады.

Г.В.Колшанскийдің пайымдайынша, шетел тілін үйретуде, яғни ағылшын тілі сабағында білім алушылардың сөйлеу қызметінің барлық түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастыру қажет. Бұл үшін түрлі форматтағы аутентті мәтіндерді (жалпы түсіністікпен, нақты ақпаратты шығыра отырып, толық түсінікпен) тыңдау тиімді, өйткені фильмдер мен мультфильмдердің үзінділерін көру; әр түрлі бағыттағы аутенттік мәтіндерді оқу, түрлі мазмұндағы мәтіндерді аудару, түйіндеме, өтінімдер жазуға, әр түрлі жағдайларды ескере отырып диалогтар құру, сауалнамалар толтыру, эссе жазу; мәтіндерді өзгерту, лексикалық базалар құрастыру, жаңа лексика үйрену, мақалалар аудару, грамматикалық жаттығулар орындау қажет. [12]

И.А.Зимняяның пікірінше тілдік құзіреттілікті дамытудың көптеген жолдары бар. Ол үшін көптеген түрлі жаттығулар тобын пайдалануға болады. Олар көбіне тіл үйренушінің сөздік қорының көбеюіне, грамматикалық дұрыс сөйлем құра білуіне және т.с.с. байланысты болып келеді. Мысалы:

- өзін ауызша және жазбаша елестете алу, хат, құттықтау хат жазу;
- өз оқу ортасын, елін мәдениетаралық тілдесу жағдаятында елестете алу, бұл үшін шетел тілі білімін қолдану;
- айналадағы мен алыстағы адамдармен және оқиғалармен өзара әрекеттесу тәсілдерін меңгеру (әлеуметтік желі ресурсын пайдалану арқылы);
- ауызша хабарлама айту, сұрақ қоя білу, диалогты жақсы өткізу;

- түрлі сөйлесу іскерліктерін (монолог, диалог, оқу, хат), лингвистикалық және тілдік құзыреттіліктерді меңгеру;
- топта бірлескен іскерлік тәсілдерін, тілдесу жағдаятында әрекет негіздерін меңгеру; ымыраларды іздеу және таба білу;
- көпмәдениеттік, көпэтникалық және көпконфессионалдық қоғамда тарихи күретамыр және әртүрлі ұлттық жалпылық пен әлеуметтік топтардың дәстүрлерді білудің негізінде құрылған позитивтік дағдылар тілдесуіне ие болу. [13]

Сонымен қатар, Р.П.Мильрудтың пікірінше, жеке және сараланған тәсілдерді ескеру керек. Яғни, оқушыларға өз ойын анық және адекватты түрде жеткізе алатын, коммуникативті-орынды сөздерді жазбаша және ауызша түрде құрастыратын, сөйлеу жағдайларымен қарым-қатынас мақсатында қажетті тілдік құралдарды пайдалана алатын мүмкіндігі бар әр түрлі тапсырмалар түрлерін ұсыну. Егер студентте тілдік құзыреттілік қалыптасқан болса, онда ол оқылып жатырған тілдің системасымен хабардар болады және ол системаны өз тәжірибелерінде пайдалана алады. [14]

Шетел тілін оқытудың қолданбалы мақсаты бұл тілде білім алушыларды сөйлетуге үйрету екені мәлім. Шетел тілін үйренуде психологиялық ерекшеліктерді ескеру өте маңызды екені мәлім. ЖОО студенті өз ойын қазақ, орыс және шетел тілін қалыптастыруға, оны жеткізуге үйрету, өзге тілдің сөздерін шынайы өмірге қатыстыру қабілетін дамыту қажет. Дегенмен әр тілде сөйлеуге үйретудің мақсаты белгілі бір психологиялық ерекшеліктерді ескеру маңызды. [15] Олар жалпы бір міндетті құрайды. Шетел тілін үйренуде жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін және оны кең қолдану үшін өзіндік қолайлы психологиялық жолдарын табу қажет. Сонымен бірге, өз ойын қарым-қатынас кезінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қалыптастыруға және оны жеткізе білуге үйрету, сол тілдегі сөздерді шынайы өмірге қатыстыру қабілеттерін қалыптастыра отырып, дамыту қажет. Бұл күрделі міндеттер психоллингвистикадан және дидактикадан оқытуды шыңына жеткізуге, сондай-ақ оны сапалы етуге бағытталған эксперименталдық және теориялық арнайы зерттеулерді талап етеді. Тіл білімі және психология ғылымдары сөйлеу механизмдерінде туындайтын проблемаларды зерттейді. Бұл проблемалардың психологиялық тұрғыдан шешілуін қарастыратын болсақ, Н.И.Жинкин өзінің “Сөйлеу механизмдері” еңбегінде бұл мәселе жайында айтқан болатын. Ол өз еңбегінде сөйлеу механизмдерінің теориясы басты практикалық орынды алатындығын жазады. Білім алушы туған және шетел тілін меңгеру сұрақтарын кеңейту, жазудың ережелерін қабылдау және мәнерлі сөйлеуді зерттеу үшін қажет екенін айтады. Жинкиннің пайымдауынша, сөйлеу – бұл психология саласындағы адамның белгілі бір іс әрекеті.

Зерттеуші Л.П.Федоренконың пайымдауынша, сөйлеу механизмдері тіл оқытуда ерекше рөл атқаратынын атап көрсетеді. Ол тіл үйренудің негізі болып табылатын сөйлеу мүшесі мидың сөйлеу механизмдерімен сәйкес екенін көрсетеді. Білім алушы тілді тілдік жүйе ретінде қабылдау үшін дыбыстық бірліктерді тілдік бірліктерімен яғни, морфемамен, сөз және сөз тіркесімен сәйкестендіре отырып үйрену керек. Федоренконың пайымдауынша, фонетикалық бірліктерді меңгеру үшін бұлшықеттердің физикалық жұмысы керек болса, тілдің мағыналық бірліктерін меңгеруде мидың сана және елестету қызметіне жауап беретін бөлшектерді жаттықтыру керек. [16]

Қорыта келе, тілдік тұлғаны қалыптастыру тілді үйретудегі басты мақсат деп айтуға болады. Оқу қызметінде ағылшын тілін үйретудің бірыңғай жүйесін құру, нәтижелі бағдарламаны игеруге қол жеткізуге ықпал етеді. Білім жиынтығын, дағдыны, қызмет тәсілдерін ала отырып, тіл үйренушілер тілді құзыреттілік деңгейінде меңгереді. Ал ол өз кезегінде тіл үйренушілердің жақсы оқытылғанын, білім мен тәжірибесі бар, бұдан әрі өзін-өзі жетілдіре алу қабілеті бар тұлға екенін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Концепция развития иноязычного образования в Республике Казахстан, Алматы, 2004.

2. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы. 2010.
3. Қазақстан мектептерінде ағылшын тілін үйрету журналы. №1. – Алматы: Білім, 2001.
4. Хуторской А.В., Хуторская Л.Н. Компетентностный подход к моделированию последипломного образования // Теория и практика последипломного образования: сб. науч. тр. / под ред. А.И. Жука. – Гродно: ГрГУ, 2003. - С.256-259.
5. Агапова С.Г. Основы межличностной и межкультурной коммуникации. Серия "Высшее образование " - Ростов на Д.: Феникс, 2004. стр.96.
6. Борисов Л.П. Компетентностный деятельный подход и модернизация содержания общего образования. Стандарт и мониторинг. Москва, русский журнал 2003 №1. стр.127.
7. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. М., 2002
8. Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. — М., 1998
9. Кулибаева Д.Н. Инновационная модель формирования международно-стандартных уровней владения иностранным языком в условиях школ международного типа - Алматы: КазУМОиМЯ им.Абылай хана, 2002.- 216с.
10. Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса. М., 1972.
11. Назаренко Е. А. Формирование языковой компетенции на уроках иностранного языка в условиях ФГОС.- «СОШ №34» г.Симферополя. 2012.
12. Колшанский Г.В. Лингвокоммуникативные аспекты речевого общения. – ИЯШ. №1. 1985. 10-14 с.
13. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как резуультативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. – М.; Московский исследовательский центр подготовки специалистов, 2004.
14. Мильруд Р.П. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранному языку. Иностранные языки в школе №5 2000г.
15. Жинкин Н. И. Механизмы речи. – М: Изд. Академ. пед. Наук, 1958.- 5с.
16. Федоренко Л. П. Закономерности усвоения речи. – М.: Просвещение, 1984.- 14,15с.

REFERENCES:

1. The concept of the development of foreign-language education in the Republic of Kazakhstan, Almaty, 2004.
2. Kounanbaeva S.S. The theory and practice of modern foreign language education. Almaty. 2010.
3. Teaching foreign language in schools journal №1. – Almaty, 2001.
4. Khutorskoy A.V., Khutorskaya L.N. Competent approach to modeling postgraduate education / / Theory and practice of postgraduate education: - Grodno: GrSU, 2003. - P.256-259.
5. Agapova S.G. Fundamentals of interpersonal and intercultural communication. Series "Higher Education" - Rostov on D.: Phoenix, 2004. P.96.
6. Borisov L.P. Competent active approach and modernization of the content of general education. Standard and monitoring. Moscow, Russian Journal 2003 №1. P.127.
7. Raven J. Competence in modern society: identification, development and implementation. M., 2002.
8. Mitina L.M. Psychology of professional development of the teacher. - M., 1998.
9. Kulibaeva D.N. Innovative model of the formation of internationally-standard levels of foreign language skills in the conditions of schools of international type - Almaty: KazUIR&WL named after Abylai Khan, 2002.- 216p.
10. Chomsky N. Aspects of the theory of syntax. M., 1972.

11. Nazarenko E.A. Formation of language competence in foreign language lessons in conditions of FGS.- "School № 34" in Simferopol. 2012.
12. Kolshansky G.V. Linguocommunicative aspects of speech communication. - IYASH. №1. 1985. 10-14 p.
13. Zimnyaya I.A. Key competencies as the resultant-purpose basis of the competency approach in education. - М.; Moscow Research Center for Training Specialists, 2004.
14. Millrud R.P. Modern conceptual principles of communicative learning a foreign language. Foreign languages at school №5 2000.
15. Zhinkin N.I. Mechanisms of speech. - М: Ed. Academ. Ped. Nauk, 1958.- 5p.
16. Fedorenko L.P. Regularities of speech assimilation. - Moscow: Enlightenment, 1984. – 14,15p.

МРНТИ 14.35.19

Аңдатпа

А. Б. Калжанова

Абай атындағы ҚазҰПУ 1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі- ф.ғ.к., доцент Асқарова С.А.

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ АУДИТИВТІ ҚҰЗЫРЕТІН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Тыңдалымның табысты болуы объективті және субъективті факторлар арқылы анықталады. Объективті факторлар мәтін және контексттегі ерекшеліктермен және оны қабылдауға байланысты өрбиді. Субъективті факторлар тыңдаушының психикасы мен оның дайындық деңгейіне арқылы айқындалады.

Соңғы жылдары тыңдалымды оқыту мәселесіне байланысты көптеген үлес қосқан зерттеулер алуан стильдегі аутенттік мәтіндерді тыңдаушының жекелеген ерекшеліктеріне байланысты оқытуда аудитивті оның құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Осылайша, оқыту мәселесі ретінде студенттердің күрделі тыңдалым құзыреттілігін өз бетінше жетілдіруді қарастыруға барлық негіз бар. Соңғы аталған мәселе бұл жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Түйін сөздер: тыңдалым, аутенттік құзыреттілік, оқыту әдістері

Қазіргі Қазақстандық қоғам көпұлттық, көптілділік және көпмәдинеттілік жағдайда. Сондықтан осы қоғамға бейімделген көп тілді меңгерген мәдениетті тұлға қалыптастыру - өзекті мәселелердің бірі. Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Біз алдағы уақытта осы алған бағытымыздан таймай әлемдік биіктерді бағындыра беретін боламыз. Сондай биік белестердің бірі – Қазақстанның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі. Ол мақсатқа жету үшін, ең алдымен, әрбір қазақстандық бәсекеге қабілетті болу керек» деген болатын. Сонымен қатар осы мақсатқа жету жолдарымен де таныстырып өтті. Тіл мәселесін сөзге тиек ете отырып, Н.Ә.Назарбаев қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кем дегенде үш тілді біліп, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін білу тиіс екендігін айтты. Сонымен қатар ағылшын тілін кеңінен білмейінше, ұлттың бәсекеге шынайы қабілеттілігі туралы айту қиын болатындығын ескерте отырып, барлық ата-аналарды балаларын үш тілде оқытуға шақырды.

Білім алушылар қазақ тілін толық әдеби нормада меңгеріп, орыс тілі мен ағылшын тілін еркін білу қажет. Ал ғалымдардың зерттеуі нәтижесінде, бала жас кезінде тілді қиналмай әрі еркін меңгеру мүмкіндігіне ие. Осы ретте Білім және Ғылым министрлігінің ағылшын тілін бастауыш сыныптан бастап үйретуге назар аударуы – дұрыс заманауи

талап. Бүлдіршін жаста меңгерілген білімнің іргетасы берік әрі мықты болмақ. Ал осы берік әрі мықты білімді әрі қарай санаға себелеп, жанға ұялататын әрине ұстаз.

Ағылшын тілі пәнін меңгертетін ұстаздар қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйрету саласында әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда. Ең негізгі дағдылардың бірі тыңдалымды дамыту аса маңызды мәселе. Әсіресе білім алушының құзыреттілігін жан-жақты қалыптастыру үлкен рол атқарады.

Біз өз кезегімізде білім алушың тыңдалым дағдысын, оның ішінде аудитивті құзыреттілікті қалыптастыру мәселесіне тоқталуды жөн көрдік.

Сабақ барысында білім алушының аудитивті құзіретін қалыптастыруда мәтін және оның мазмұнындағы ерекшеліктерді ескеру аса маңызды. Сонымен қатар, тыңдаушының психикасы мен оның дайындық деңгейіне мән берілуі аса маңызды.

Соңғы жылдары тыңдалымды оқыту мәселесіне байланысты көптеген үлес қосқан зерттеулер бар. Олар алуан стильдегі аутенттік мәгіндерді тыңдаушының жекелеген ерекшеліктеріне байланысты оқытуда олардың аудитивті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Ғалым Барышников И. В. пікірінше ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім - білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында жүргізілетін жұмыстарға төмендегідей әдістерді жатқызуға болады:

1. Ауызша әдіс – теория және фактіге негізделген білімді қалыптастыруда, үй тапсырмасын және жаңа сабақты пысықтауда, ережелерді қайталауда пайдаланылады;
2. Көрнекі әдісті – бақылау қабілетін дамыту, оқылатын мәселеге ықыласын көтеру және оқу материалының мазмұнын көрнекілік арқылы түсіндіруде қолданылады
3. Практикалық әдіс – практикалық іскерлік пен әдетті дамыту үшін және тақырып мазмұнына сәйкес практикалық жұмыстарды жүргізу үшін түсіндірілген материалды оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау үшін пайдаланылады
4. Іздену әдісі – өзінше ойлануды және зерттеу қабілеттерін дамыту үшін оқушыларды тақырыпты проблемалық оқытуға әзірлеуде қолданылады.
5. Индуктивтік әдіс – қорытынды жасау қабілетін дамыту күрделендіре оқыту үшін, ойлау қабілетін қалыптастыру үшін пайдаланылады
6. Өзіндік жұмыс әдісін – оқу әрекетінде жұмыс істеуде қабілетті дамыту және оқу еңбегінде дағдыны қалыптастыруда жеңіл тақырыптарды өз бетінше дайындауға, дидактикалық материалдармен тиімді жұмыс жасай білуге баулу үшін қолданылады
7. Ойын әдісі – оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу - білік дағдыларын қалыптастырады [1. 25].

Жоғарыда көрсетілген әдістер оқудың алғашқы кезінде оқушының тілдік материалдарды жеңіл меңгеріп кетуіне көмектеседі. Ойын түрлерін дұрыс өткізілген сабақта оқушылардың тілді үйренуіне ынтасы артып, сол тілді білуге қызығады.

Оқушының шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттыратын тек ойын элементтері болып саналады. Ойын оқушыны бірігіп жұмыс істеуге бағыт береді, яғни ұжымдық жұмысқа өз баулуы өз бетінше талпынып шығармашылық ізденіс дағдысын қалыптастыруына мүмкіндік туғызады.

Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін негізін келесі мақсаттарда қолдану тиімді.

1. Алфавитті дұрыс меңгерту
2. Орфографияны дұрыс оқыту
3. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру
4. Лексиканы меңгерту
5. Білім алушылардың ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс білу дағдысын қалыптастыру [2].

Студенттің шетел тілінде сөйлеуге қарым-қатынас жасауға шет тілін әрбір мұғалім өз сабақтарында жаттығудың бір түрі ретінде ойындарды қолданылып, сабақты қызықты өтуге, білім алушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға білім деңгейін тексеру құралы ретінде пайдалануға болады.

Таңдап алынған ойындар білім алушылардың сөз байлығына, тіл қорына сай болу керек. Мұғалім кез-келген ойынды өткізу үшін алдын-ала жоспар құрып алуы кәжет. Сонымен бірге мұғалім ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарын біліп орындауы міндетті.

Жоғарыда аталған әдістерді пайдалана отырып түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды меңгерту оңтайлы болып табылады.

Сонымен қатар оқушылардың ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады. Шет тілі пәні бойынша оқушы ереже мен ұғымдар анықтамасын тек жаттап қана алмай, оларды іс жүзінде саналы түрде сөйлеу әрекеті мен жазу барысында қолдана алуы қажет. Саналуан тапсырмалар мен жаттығулар арқылы теориялық білімді шынға болады. Мысалы, белгілі бір мәтін бойынша жұмыс істеу үшін мынадай жаттығулар беріледі

1. Мәтінді қатесіз, дауыс ырғағын сақтай отырып оқу;
2. Мазмұнын түсіну;
3. Тірек – сызба сөздері арқылы баяндау;
4. Мазмұнын түсінуі бойынша сурет салып, суреттеу;

Келесі жаттығу түрі сөйлеуге үйрету. Диалогты сөйлеуде – оқушылар сұрақ – жауап, өтініш айту, нұсқау беру және тағы басқа жұмыстары ретінде қарапайым іс - әрекеттерді жасай алуы тиіс. Студенттер бөлік элементтерден жаңа, тұтас жағдай құрай алуы керек. Студенттер жалпы арнаулы сұрақтарды қоя алуы, және сұрақтарға сауатты, тиянақты жауап бере алуы, өтініш, бір нәрсемен келісетінін немесе келіспейтіндігін білдіре алуы тиіс. Студенттердың сөйлеу қарқынын өсіру қажет және әр оқушы сөйлегенде екі репликадан айтуы қажет [3].

Қазіргі кезеңде пән ұстаздарының кеңінен қолданып жүрген тілдік жаттығуларының біріне «Warm up» жаттығуын кіргізуге болады. Тілдік жаттығудың мақсаты – сабаққа деген ынтасын қызығушылығын арттыруын туғызу. Тілдік жаттығу барысындағы мұғалімнің жылы дауысы мен ырғағы, сұрақтардың алдын ала ойластырылып тапсырмалардың дұрыс жоспарлануы ұстаз бен студент арасындағы жақсы қарым – қатнас туғызып, алдағы сабақтың нәтижесін айқындап жоғарылата түседі.

Шағын шығарма жазу студенттердің тек жазу, тілді түсіну, сөйлеу қабілеттерін арттырып қана қоймай әр баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына себеп болады. Осындай шығармаларды көп уақыт алмай 5 минуттық жазу ретінде өткізу әбден мүмкін. Шығарма тыңдау барысында диалогтағыдай студенттың жіберген қателеріне емес, оның идеясына, өмірлік тәжірибесін сипаттай білу қабілетіне көбірек назар аударған жөн [4, 5].

Тақырыптар түрі сан алуан: «Бүгінгі күннің ең қызықты сәті». «Қазір мен не ойлап отырмын?»

«Мен білетін адам».

«Менің хоббиім».

«Мен ұнататын нәрсе».

«Мен ұнататын әлем».

Келесі жаттығу түрі «Find the words» деп аталады. Нұсқау бойынша балалар сөзді табу тиіс.

Bread

E – is exactly in the middle.

D – is at the end.

B – is one of the letters before e.

R – is between b and e.

A – is between e and b.

Соңғы кезде көп қолданылып келе жатқан жұмыс түрінің бірі – «Brainstroming» әдісі, яғни суреттеліп берілген белгілерді қолдану арқылы біртұтас әңгіме құрастыру және оны әңгімелеп айту болып табылады.

Қорыта келе, білім алушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін тиімді әдістерді пайдалана отырып жаттығулар орындатудың маңызы зор екендігін байқауға болады. Демек, олардың аутентік құзыреттілігін дамытуда іскерлік сөйлеу дағдыларын белсенді ұйымдастыра отырып, тиянақты білім беру – ұстаздың ой ұшқырлығына, коммуникативтік құзіреттілігіне ғана емес, оның тиімді әдістерді оңтайлы қолдана білуіне байланысты. Сонымен қатар сыртқы және ішкі факторларды есепке ала шетел тілін оқытуда студенттердің аудитивті құзіретін дамытудың тиімді жолдарын анықтауға болатындығын байқадық .

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Барышников И. В. Параметры обучения межкультурной коммуникации //Иностранные языки в школе. - 2002. - № 2. - С. 28.

2.Мильруд Р.П. Методика обучения видам речевой деятельности на иностранного языка. Методические рекомендации. - М., 1995.

3. Носонович Е.В. Методическая аутентичность в обучении иностранным языкам //Иностранные языки в школе. - 2000. - № 1. - С. 11-16.

4. Носонович Е.В. Параметры аутентичного учебного текста //Иностранные языки в школе. - 1999. - № 1. - С. 18.

5. Синица Ю.А. Межкультурная коммуникативная компетенция: требования к уровню владения и некоторые пути ее формирования //Иностранные языки в школе. - 2002. - № 6. - С. 8.

*А.Б.Калжанова.
магистрант 1 курса КазНПУ имени Абая
Научный руководитель к.ф.н., доцент Аскарлова С.А.*

ЭФФЕКТИВНЫЕ ПУТИ ФОРМИРОВАНИЕ АУДИТИВНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация

Успешность аудирования определяется как объективными, так и субъективными факторами. Объективные факторы складываются из особенностей предъявляемого текста и условий, в которых протекает его восприятие. Субъективные факторы определяются особенностями психики слушающего и уровнем его подготовки.

В решение задач обучения аудированию в последние годы вносят вклад актуальные исследования, направленные на формирование умений аудирования разнотиповых аутентичных текстов в обучение аудированию в условиях индивидуализации.

Таким образом, в настоящее время имеются все основания считать проблему обучения студентов самостоятельному совершенствованию сложных аудитивных умений. Последнее и обуславливает актуальность данной работы.

Ключевые слова: аудирование, аутентичная компетенстность, методы обучение

*Kalzhanova B.A.
The 1st year MA student, Abai KazNPU*

EFFECTIVE WAYS OF THE FORMATION OF STUDENTS' AUDITIVE COMPETENCE IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Abstract

Supervisor – cand. phil. sciences, associate professor Askarova S.A.

Success in auding is determined to both objective and subjective factors. Objective factors consist of features of the given text and the context in which occurs by its perception. Subjective factors are determined by the psychological peculiarities of learners' listening skills and level of his preparation.

However, there are problems of methods on self-learning activities for improving the students' complex listening skills at schools. Thus, there is now every reason to consider the problem of teaching students' auditive competence for self-improvement complex. The latter determines the urgency of this work.

Key words: listening, auding competence, training methods

МРНТИ 14.35.09

*Ерболатқызы Ә. - Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті,
6M011900 – Шетел тілі: екі шет тілі мамандығының II курс магистранты, e-mail:
beauty_a7@mail.ru Алматы қ, Қазақстан*

*Ғылыми жетекшісі: Ешімбетова З.Б.-п.ғ.к.,ассоц.профессор,Абай атындағы
Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті,e-mail: akerke-zake62@mail.ru*

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада лингвомәдени контекстте құзіреттілік әлеуметтік-мәдени сонымен қатар инофондық сипаттағы мәліметті қабылдаумен байланысты. Берілген анықтамада «қажеттілік», «қабылдау», «түсіну» ұғымдарына көңіл бөлсек, құзіреттілік мақсаты айқындала түседі. Лингвомәдени құзіреттілік - әрбір әрекетке бағыттайтын ең алдымен оған деген түрткі. Адамның қажеттілігі – оның өмір сүру көзі. Заман талабы адамға өз қажеттіліктерін байлайды. Қазіргі таңда әлеммен ашық түрде байланыс арқылы өмір сүріп жатқан заман. Жаңа деңгейлер жаңа қажеттіліктер болып жетелейді. Ал лингвомәдени құзіреттілік «өзге ел» құбылысын қабылдау не болмаса сол елдің табиғатын түсіну маңызды емес пе? Бұл тұста психологиялық факторлар әдістеме негізін толықтыра түседі.

Түйін сөздер: лингвомәдени құзіреттілігін дамытудың тиімділігі, қажеттілік», «қабылдау», «түсіну» ұғымдары, психологиялық факторлар әдістемесі, оқытудың психологиялық негізін әдістемелік негіздермен интеграциялық түрде қолдану, иллюзия – студенттің объективті фактілерді қате түсінуі, апперцепция – мәдени құбылыстарды түрліше, өзіндік қабылдау ерекшелігі.

Кіріспе. Құзіреттілік түсінігінің аясы өте кең болып табылатын процесс. Құзіреттілік сан алуан сипатта; оның көптеген формалары, түрлері бар. Дәл осы жағдаятта біз лингвомәдени құзіреттілік сипатын, феноменін ерекшелеп отырмыз.

Ең алдымен студенттердің лингвомәдени құзіреттілігін дамытудың тиімділігі оқытудың психологиялық өзегінде жатыр. Әрине оқытуды ұйымдастыру процесі кезінде әрбір әдіскер ең алдымен оқытудың лингвистикалық, психологиялық және де әдістемелік негіздерін есепке ала отырып жүргізеді. Ал жалпы қарастырғанда оқыту пәні түрлі ғылымдармен байланысты қаралып, сараланып жатады. Өйткені әрбір зерттеу мәселені бірнеше қырларынан қаралып, мән-мағынасы ашылуы тиіс. Лингвомәдени құзіреттілік контекстінде шетел тілін оқыту психологиялық қырынан ашылып ұйымдастырылса, белгілі бір құзырлылық (біліктілік) деңгейіне жету жолы анық болар еді деп пайымдаймыз. Қазіргі таңда ұсынылып отырған жаңа технологиялар психологиялық негіздеме-лерді есепке алып жүзеге асырылған және де көптеген эксперименттер негізін құрайды. Алайда, нақты белгілі бір инновациялық технология арқылы лингвомәдени құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында біз өзіміз үшін аталған мәселеге қарасты психологиялық негіздеменің жаңа бір қырларын түсінуге тырысып бағарымыз анық және де зерттеу мәселесінде оны басшылыққа аламыз. Сонымен қатар осы уақытқа дейін «құзіреттілік» түсінігінің өзін, оның салаларын, механизмдерін түсіндіруде де бір жақты көзқарас жоқ.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда қарым-қатынасты белгілі бір кодталған белгілерді бір субъектіден келесі бір субъектіге белгілі бір нақтыланған мақсатқа сай жеткізу, өзара алмасу; үш жақты процесс болып табылады: ақпарат беру, ақпарат қабылдау және өзара пікір алмасу деп берсек. Психологиялық тұрғыда тұлғаның қажеттілігінен туындаған, демек бірлескен әрекетке деген қажеттіліктен туындайтын және ақпарат алмасуды, өзара әрекетке, басқа адамды қабылдау мен түсінудің ортақ стратегиясын өндіруді қамтитын,

адамдар арасында байланыс орнату мен оны дамытудың күрделі, көп жақты процесі дейді. Лингвомәдени контекстте құзіреттілік әлеуметтік-мәдени сонымен қатар инофондық сипаттағы мәліметті қабылдаумен байланысты. Берілген анықтамада «қажеттілік», «қабылдау», «түсіну» ұғымдарына көңіл бөлсек, құзіреттілік мақсаты айқындала түседі. Лингвомәдени құзіреттілік - әрбір әрекетке бағыттайтын ең алдымен оған деген түрткі. Адамның қажеттілігі – оның өмір сүру көзі. Заман талабы адамға өз қажеттіліктерін байлайды. Қазіргі таңда әлеммен ашық түрде байланыс арқылы өмір сүріп жатқан заман. Жаңа деңгейлер жаңа қажеттіліктер болып жетелейді. Ал лингвомәдени құзіреттілік «өзге ел» құбылысын қабылдау не болмаса сол елдің табиғатын түсіну маңызды емес пе? Бұл тұста психологиялық факторлар әдістеме негізін толықтыра түседі. Қабылдау заттар мен құбылыстардың мида тұтастай бейнеленуі болып табылады. Ол мидың күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі. Қабылдауда өзге мәдениет құбылысы, яғни құзіреттілік барысында өзге мәдениет өкілінің түр-сипаты, қозғалысы, ым-ишара, дене қозғалысы, қылығы адамның миына тұтас күйінде беріледі. Өзге мәдениет талдау мен саралау елегінен өткізіп барып, белгілі бір бейне сипатының миымызда орнығуына мүмкіндік береді. Бірақ көп жағдайда өзге мәдениет құбылысын қабылдаудан бас тартып жатамыз. Бұл біздің анализдік және синтездік әрекетіміздің нәтижесі деп ойлаймын. Мұнда құзіреттілік барысында біздің анализаторлық қабілетімізге аталған қасиеттер бір мезгілде әсер етеді де миымызда өзге мәдениет бейнесі пайда болады. Ал біз өз кезегімізде психологиялық деңгейде белгілі бір реакциялық әрекет жасаймыз. Ол не кері реакция, не жағымды реакция болуы мүмкін. Жалпы атап айтсақ, лингвомәдени құзіреттілігін қалыптастыру барысында психологиялық факторларды ескере отырып, прагматикалық деңгейде оқыту әрекетін ұйымдастыруымыз қажет. Егер студенттердің біреуі өзге мәдениет өкілінің әрекетіне байланысты белгілі бір құбылыстан бейхабар болса, онда ол оны тани алмайды. Себебі студенттердің миында ол туралы еш бейне қалыптаспаған. Дәл осы жағдайда тосындылыққа тап болған адам әрекеті жағымсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін. Мысалы, Қытайлықтар мен Ағылшындықтар арасында келіссөз өтіп жатыр делік. Ағылшындық делегат мүшелері дүниетанымы, дамуы, көзқарасы түрліше, психологиялық ерекшеліктер де бар. Ағылшындықтар өзіндік келіссөз жүргізу стиліне сай әңгіме барысында өздерін жігерлі, ашық, батылдау ұстайды. Ағылшындықтарға жылдамдық мінез сай. Қытайлықтар келіссөз жүргізу барысында жеке дара ерекшеліктеріне байланысты сабырлылық, ұстамдылық көрсетеді. Келіссөз барысында аралық үзілістер көп жасайды және де келіссөз мәнеріне байланысты әрбір мәселені талқылау барысында басын изейді. Бірақ ол ұсынысты қабылдаймын деген мағынаны білдірмейді, тек мәселені түсінгені не болмаса белгілі бір істің жөн-жоралғысын түсінгені туралы хабар береді. Ал ағылшындықтар тек келісім берген кезде бас изеуі мүмкін. Мұндай құбылыстар сәйкессіздігінен бейхабар ағылшындық делегат дүниетанымының ерекшелігіне байланысты түсініксіз қылыққа жат әрекет етуі мүмкін. Өйткені мұнда өзара не болмаса бір жақты мәдени құбылысты тану процесі болған жоқ. Тану – заттар мен құбылыстардың мағынасын түсінудің қарапайым түрі. Өзге ел құбылысын танымайынша, оны аңғарып, қабылдау қиынға соғады. Мұндай жағдайда біз оқытудың әдістемелік мүмкіндіктерін қолдауымыз керек. Оқытуды ұйымдастыру үрдісінде оқытудың психологиялық негізін әдістемелік негіздермен интеграциялық түрде қолдануды қадағалау керек. Өйткені лингвомәдени құзіреттіліктің өрбуі жеке дара индивидтің «өзге ел» феноменін қалай қабылдауға байланысты. Бұл серпіліс нүктесі іспеттес.

Жалпы жеке адамның танымдық процестеріне талдау жасасақ, онда «жеке дара тұлғаның» немесе «субъектінің» лингвомәдени қарым-қатынас барысында психологиялық ерекшеліктері шешуші фактор екеніне көз жеткіземіз.

Атап айтқанда, таным процестерінің нақты түрлері және де таным операциялары арқылы лингвомәдени құзіреттілік қабілетінің дамуын мақсатты түрде іске асыра аламыз. Психологияда адамның түйсіне алу қабілеті сезгіштік деп аталады. Ағылшын тілі сабақтарында аталған заңдылықты ұстана отырып студенттердің мәдени құбылыстар өзгешілігін айыра білуге, иномәдени құбылыстар өзгешелігіне икемделіп, өзара қарым-қатынас жасауға бейімдей аламыз. Өйткені студенттердің апперцепциялық қабілеті, иллюзиясы байланыс барысында түсінбеушілікке жетелейді.

Иллюзия – студенттің объективті фактілерді қате түсінуімен түсіндіріледі. Апперцепция – мәдени құбылыстарды түрліше, өзіндік қабылдау ерекшелігі. Ал студенттердің байқағыштық қабілетін дамыту арқылы мәдени құбылыстардың ұсақ детальдерін байқау қабілетінің қалыптасуына себепкер болады. Шетел тілін оқытуда лингвомәдениеттің студенттердің миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуы еске байланысты. Қозғалыс, образдық, сөз-логикалық және эмоциялық естерді дамыту мультимедиялық құралдар арқылы мүмкін. Мәдени құбылыстар туралы түсініктер орнатуда анализ, синтез, абстракция, нақтылау, жалпылау сынды ой операцияларының маңызы зор. Сондай-ақ сөйлеу процесі арқылы адамның өзінің білімін, практикалық тәжірибесін байытып қана қоймай, сонымен қатар ғасырлар бойы жинақталған қоғамдық тәжірибені де меңгеруге мүмкіндік алады. Зерттеу тақырыбына байланысты дәл осы жағдайда өзге елдің қоғамдық тәжірибесін меңгеру барысында аталған таным процестерін дамыту келелі мәселе болып табылады.

Лингвомәдени тұрғыда тілдік үлгілер вербальді және бейвербальді түрде беріледі. Сөз көмегімен жүзеге асатын қарым-қатынас қаншалықты маңызды болса, бейвербал құзіреттілік лингвомәдениетаралық өзара қарым-қатынастағы маңызы соншалықты жоғары.

Қорытынды. Сонымен, психологиялық тұрғыдан құзіреттілік түсінігі ең алдымен танымдық процестермен байланысты. Жат ел мәдениетін тұлға ең алдымен психологиялық деңгейде қабылдайды. Сонымен қатар өзара арақатынас та психологиялық деңгейде жүреді. Тұлға өзін жат елге таныстыру барысында оның жалпы образы ескеріледі. Оның ішіне жеке тұлғаның эмоциясы (адамның сезімі, күйі, көңілі т.б.) ерік процестері мен жеке психологиялық ерекшеліктері (темперамент, мінез, қабілеттері) де кіреді. Аталған фактілердің барлығы өзара байланысты. Адам өзінің этнопсихологиялық қалыптасқан келбетінен тыс кете алмайды. Екі адамның өзара арақатынасын болсын, тіпті лингвомәдени деңгейде болсын, ол өз көрінісін табады. Сондықтан да лингвомәдени құзіреттілігін қалыптастырып, дамыту процесінде психологиялық фактордың маңызы ерекше.

Басқа тілді қоғамда, мәдениетте өз орнын таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек. Студенттер жаңа шығармашылық іс-әрекетке, жаңа ақпараттық технологияларды үйренуге, жеке тұлғалық және лингвомәдени құзіреттіліктетуіндайтын қарама-қайшылықты болдырмауға және оларды шешуге икемді болуы қажет. Еліміздің егемендік алып, басқа елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланыстарға түсуі шет тілін оқытудың маңыздылығын көрсетіп, оның мақсатын анықтап берді. Шет тілін оқыту барысында студенттерді өздеріне жат әлемді түсіне білуге үйрету керек. Олар өз әлемін, тілін, мәдениетін білмей,

лингвомәдени құзіреттілікке қол жеткізу мүмкін емес. Осыларды шешуде ағылшын тілінде сөйлеу әрекетін қолданудың маңызы зор. Олар студенттердің білім, білік, дағдыға үйретуге ықпал етеді. Мұндай ағылшын тіліндегі сөйлеу әрекеттері студенттердің ағылшын тіліне деген қызығушылығын оятады, оларды алдарына мақсат қоюға үйретеді және оқу процесінің нәтижелі болуына септігін тигізеді. Мәдени ерекшеліктері ағылшын тілін оқуға деген қызығушылықтарын арттырады.

Әрбір тілді үйренушілер тек сол тілдің жүйесінде кездесетін ерекшеліктерге ғана емес, сондай-ақ сол тілді қолданушы елдің мәдениетіне тән үлкен ерекшеліктерге де жолығады. Жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін меңгеру, басқа мәдениет өкілдерінің әрекеті мен сөзін түсіне білу үшін өз мәдениеті мен басқа мәдениетті салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуге үйренеді. Ал, кейде екі мәдениет өкілі арасында белгілі бір дәрежеде қиындықтар болуы мүмкін. Ол, әрине, тілдегі ерекшеліктер ғана емес, мәдениетке тән өзгешеліктерге де байланысты болып келеді. Өйткені, әрбір тіл мен оны қолданушы тіл иелерінің өздеріне тән ерекшеліктері болады. «Тіпті адамдар бір тілде сөйлесіп жүріп, әрқашан бірін-бірі түсіне бермейді» деп көрсетеді Е.М.Верещагин.

Қазіргі кезде адам өмірінде болып жатқан көптеген жаңа процестер, экономиканың дамуы, қоғамның жаңаруы, тіл мен қоғамның және тіл мен мәдениеттің екі жақты байланыстарына жаңаша көзбен қарауды талап етеді. Жаңа әлеуметтің мәдени кеністіктің пайда болуы білім беру жүйесінің алдына халықаралық мәдени-кәсіптік қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын мамандар дайындауды мақсат етіп қояда. Тілді басқа мәдениетті таңдаудың негізгі құралы ретінде пайдалану, сол тілде сойлейтін елдегі құбылыстардың мәнін түсінуді қажет етеді.

Лингвомәдени түсінігінің дамуы – жаңа тілді үйренумен қатар жүретін процесс. Ал шетел тілін сол елдің мәдениетаралық байланысқа түскен кезде адамдар басқа мәдениеттің иегерімен қарым-қатынасқа түседі. Шетел тілін терең меңгергеннің өзінде тілдегі, күнделікті тұрмыс ерекшеліктеріндегі (киім кию, ұлттық аспаздық және тағы басқа), өзін-өзі ұсыну мәнеріндегі ерекшеліктер көп уақытта түсініспеушілікке әкеп соғуы сөзсіз. Бұл айтылған қағида тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын көрсетеді. Осыған байланысты біртіндеп тілді оқыту барысында тілді ғана үйретіп қоймай, сонымен бірге сол елдің мәдениетін, әдебиетін, салт-дәстүрін де қатар оқыту қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы. 2010.
2. Концепция развития иноязычного образования в Республике Казахстан, Алматы, 2004.
3. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. Алматы, 2005
4. Кулибаева Д.Н. Инновационная модель формирования международно-стандартных уровней владения иностранным языком в условиях школ международного типа. Алматы, 2002.
5. Мильруд Р.П. и др. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранным языкам.// ИЯШ, 2000, №4-5.
6. Мильруд Р.П. и др. Компетентность в изучении языка.// ИЯШ, 2004, №7.
8. William Littlewood. Communicative Language Teaching. Cambridge University Press. 1994

9. Гальскова Н.Д. Гез Н.И. Теория и обучение иностранному языку. Лингводидактика и методика. М.: Академия, 2005.
10. Baumer, Thomas Handbuch Interculturelle Kompetenz. Zürich: Orell Füssli, 2002
11. Садохин А.Г. Введение в теорию межкультурной коммуникации. Москва, Высшая школа, 2004.
12. Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе. Анализ зарубежного опыта. М.: «Академия», 1987.

Ерболаткызы А. – магистрантка 2 курса по специальности 6M011900 – Иностранный язык: два иностранных языка, Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая, e-mail: beauty_a7@mail.ru г. Алматы, Казахстан
Научный руководитель: Ешимбетова З.Б. - к.п.н., ассоц. профессор, Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая, e-mail: akerke-zake62@mail.ru

РАЗВИТИЯ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПРЕДПОСЫЛКИ ЛИНГВОКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В данной статье рассматриваются лингвокультурные компетенции в контексте социально-культурного характера, а также сведения, связанные с приемом инофона. В справке, выданной «потребность», «принятие», «понимание» с соображениями, определены цель компетенции. Лингвокультурные компетенции - прежде всего, каждый импульс, направляющий действия на нее. Потребности человека – источник его жизни. Человеку завязывают свои потребности требование времени. В настоящее время в связи с миром живущих посредством открытого времени. А лингвокультурные компетенции «прочие страны» страны, важно понять природу явления, либо в тот же прием, не так ли? При этом основу методики дополняют психологические факторы.

Ключевые слова: эффективность развития лингвокультурные компетенции, потребность в», «принятие», «понимание» понятия, психологические факторы, методика обучения, методические основы использования психологических интеграционных оснований, иллюзии – неправильное понимание объективных фактов, студента, в , агглютинация – культурного явления, по-разному, свои особенности приема.

Yerbolatkyzy A. – II year master speciality 6M011900 – Foreign language: two foreign languages, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty city, Kazakhstan, e-mail: beauty_a7@mail.ru

Scientific supervisor: Yeshimbetova Z. B.-candidate of pedagogical sciences, assoc. professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, e-mail: akerke-zake62@mail.ru

DEVELOPMENT OF STUDENTS' PSYCHOLOGICAL PRECONDITIONS FOR LINGUOCULTURAL COMPETENCE.

Abstract

This article discusses the linguistic and cultural competence in the context of socio-cultural nature, as well as information related to the admission of foreign students. In the statement issued by "need", "acceptance", "understanding" with the considerations defined the aims of competence. Linguo-cultural competence - first of all, every impulse that directs action on it. Needs of man – the source of its life. Man knotted their needs the demand of time. At the present time in connection with the world of the living through open time. And linguistic and cultural competence "other country" of the country, it is important to understand the nature of the phenomenon, either in the same action, isn't it? The Foundation for this methodology complementary to psychological factors.

Key words: effectiveness of the development of linguocultural competence, the need for, "acceptance", "understanding" concepts, psychological factors, teaching methodology, methodological foundations of psychological integration grounds, illusion is the wrong understanding of the objective facts, the student, in the agglutination and cultural phenomena in different ways, their peculiarities of admission.

МРНТИ 14.35.09

СТУДЕНТТЕРДІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шенсізбай Е.А. *Абай атындағы ҚазҰПУ 6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 2-курс магистранты, e-mail: ernur.ernur@mail.ru*

Ғылыми жетекші: Ешімбетова З.Б. – п.ғ.к. Абай атындағы ҚазҰПУ Кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасы, e-mail: akerke-zake62@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақала бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі - студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру туралы. Мәдениетаралық құзірет туралы жалпы түсінік, оның шығу тарихы мен түрлі модельдері туралы айтылады.

Түйін сөздер: құзіреттілік тәсіл идеясы, студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру, мәдениетаралық құзірет моделі, білім сапасын арттыру тәсілдері, білім – болашақ бағдары, жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту.

Қазіргі заманда әр түрлі тілде сөйлейтін, мәдениеттерінде түрлі айырмашылықтар байқалатын түрлі қоғам мүшелерінің бір-бірімен қарым –қатынас жасау қажеттілігі әр түрлі ғылым саласы өкілдерінің мәдениетаралық қатынас пен мәдениетаралық байланысқа деген қызығушылығын туғызды. Жаһандану үдерісі түрлі елдер, мәдениеттік топтар арасындағы өзара байланыс мүмкіндіктерін нығайтуда. Бұл байланыс түрлері мемлекеттік институттар, қоғамдық топтар арасында, ғылыми серіктестік бойынша келісім жүргізу сияқты түрлі қарым-қатынас түрлері арқылы орнатылады. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы шетелде оқу мүмкіндігін алатын студенттер мен оқушылардың, шетелде тәжірибеден өту мүмкіндігін алатын мұғалімдердің саны жылдан жылға артуда.

Қоғам өмірінің саяси-әлеуметтік және экономикалық аясындағы интеграциялық процестер мәдениетаралық қарым-қатынастың орнауына үлкен септігін тигізеді. Мәдениетаралық қарым-қатынас әртүрлі ұлт өкілдерінің тепе-тең немесе біріге отырып өзара әрекет жасауын талап етеді. Шетел тілін жасанды тілдік ортада оқыту жағдайында екі немесе үш шетел тілін меңгеретін полилингвальдық тұлғаны қалыптастырудың

мүмкіндік деңгейі жеткілікті және ғылыми тұрғыдан дұрыс дәлелдеуді қажет ететін мәселе болып табылады. Оқушы мұндай қарым-қатынас жасай алу үшін тек шетел тілін жақсы меңгеріп қана қоймай, ол сонымен қатар сол тілде сөйлеушінің тілдік және тілдік емес өзгешеліктерін түсініп, ұғынуы тиіс. Мәдениетаралық қарым-қатынас процесіне қатысушы көп тілді меңгерген сайын, сол елдің мәдениетін, ұлттық менталитетін жете түсінеді.

«Мәдениетаралық қарым - қатынас» термині алғаш рет 1954 жылы Г.Трейгер мен Э.Холлдың «Мәдениет және қарым – қатынас. Анализ жобасы» аты еңбегінде қолданылды. Мәдениетаралық қарым - қатынастың жалпыға ортақ түсіндірмелері төмендегідей:

- әр түрлі мәдениет өкілдерінің арасында белгілі бір тақырыпта болатын қарым-қатынас;
- әр түрлі мәдениет өкілдерінің арасында болатын, қандай да бір қиындыққа апарып соқтыратын қарым – қатынас;
- әр түрлі мәдениет өкілдерінің арасында болатын қарым – қатынас кешені

Ал Е.М. Верещагин және В.Г. Костомаров көзқарасы бойынша екі ұлт өкілінің қарым-қатынас жасау барысында өзара түсінісуі мәдениетаралық коммуникация болып табылады. Мәдениаралық қарым-қатынас ұлттар мен мәдениеттер арасындағы өзара байланысты түсіну құралы ретінде қарастырылады[1].

Осы мәдениетаралық қарым-қатынаста өзара түсіністікке жетелейтін – мәдениетаралық құзірет.

Қазіргі заманда шет тілін меңгерген әрбір адам басқа тілдің немесе мәдениеттің өкілімен қарым-қатынасқа түсуі мүмкін. Сондықтан, шет тілін меңгерушілерге лексикалық сөз байлығы мен шет тіл грамматикасын ғана біліп қоймай, мәдениетаралық құзіретті де меңгергені дұрыс.

Шеттілдік білім берудің қазіргі парадигмасында құзіреттілік теориясы білім беру үлгісін көрсететін негізгі педагогикалық теория ретінде когнитивтік лингвомәдени әдіснаманың әдіснамалық ұстанымдарын біріктіретін құрамдас бөлігі және осы әдіснаманы шеттілдік білім берудің парадигмасын жүзеге асырушы негіз ретінде анықталады [2].

Мәдениетаралық құзіретке түрлі ғалымдар өз түсініктемелерін берген. Олардың ішіндегі ортақ түсініктемесі мынадай:

«Мәдениетаралық құзірет – әр түрлі тілде сөйлейтін түрлі мәдениет өкілдерінің мәдениет ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді қарым – қатынас жасауы».

Шет тілін оқып үйрену студенттердің өзі сабақ барысында ұшырасатын жат әлемді жақсырақ түсінуге, сол жат әлеммен ұшырасу нәтижесінде өз әлемін айқынырақ, дәлірек түсініп, анығырақ білуге төселдіруі тиіс. Шет тілін мәдениетаралық қарым -қатынас концепциясына негіздеп оқыту барысында студенттер өз әлемін тілін оқып отырған елдердің әлемімен ссалыстыруға, жат әлемнің өз әлемінен өзгешелігі, оның қызықтылығы, тартымдылығы неде, онда нендей құбылыстар түсініксіз, жат екендігі туралы ойлануға, сол туралы сөйлеуге бейімделуі тиіс. Сондықтан оқып үйреніп жүрген тілдің, сол тілде сөйлейтін елдің мәдениетін білмей, оны меңгермей тұрып, сол тілде құзыреттілік біліктілікке қол жеткізу мүмкін емес. Бір сөзбен айтқанда мәдениетаралық қарым -қатынас құзіреттілігін қалыптастырудың, дамытудың алғы шарттары:

- а) жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін саналы түрде меңгеру, яғни рецептивтік іскерліктер: басқа мәдениет өкілдерінің вербалды және вербалды емес әрекеттерін түсіне білу;
- б) басқа мәдени орталарда дұрыс әрекеттену іскерлігін дамыту, яғни продуктивтік іскерліктер: сөз туындылары мен вербалды емес әрекеттерді дұрыс және белсенді түрде туындата білу;

Мәдениетаралық құзіреттің заманауи моделін К.Кнапп ұсынған болатын. Ол мәдениетаралық құзіретті «Басқа тіл, мәдениет өкілдерімен қатар, өз тілі мен

мәдениетінің өкілдерін де бірдей дұрыс түсіну» деп есептеп, осы қабілеттің мынадай қасиеттерін белгілеп берді:

- қарым-қатынас жасаудың, мінез-құлықтың мәдениеттік және когнитивті шарттарға тәуелділігін түсінуі;
- қарым-қатынас әрекеттері мен модельдерін білу, оны өз тілінде ғана емес, үйреніп жатқан тілде де түсіндіре алуы;
- мәдениетаралық қатынас кезінде түрлі қарым-қатынас жасау стильдерін білу;
- мәдениет және қарым-қатынас туралы жалпы білімі болуы;
- мәдениетаралық қарым-қатынас кезінде туындауы мүмкін мәселелерді шешуге арналған стратегияларды білуі.

Тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана білу үшін сөздің мағынасын және грамматикалық ережелерін біліп қана қою жеткіліксіз. Шетел тілін оқыту барысында тек қана тілді үйреніп қоюға ғана емес, сонымен бірге сол тілде ойлай білуге үйрету қажет [3].

Мәдениетаралық құзіретті қалыптастыруда студенттердің басқа мәдениет өкілдерінен тілдік және мәдени айырмашылықтарды ғана байқамай, ұқсастықтары да көре білуі, стереотиптерден бас тарта білуі, басқа мәдениет туралы білімін өз мәдениетін тануда қолдана білуі өте маңызды.

Кең таралған мәдениетаралық құзіреттің моделдерінің бірін Д.Диадорф жасады. Бұл модел пирамида түрінде жасалған, 4 деңгейден тұрады.

Қажетті сыртқы нәтиже: Белгілі бір дәрежеде мақсатқа жету үшін тиімді қарым – қатынас жасауы және өзін-өзі ұстауы (тұлғаның мәдениетаралық білімін, дағдыларын және көзқарасын негізге ала отырып)	
Қажетті ішкі нәтиже: Бейімділік: (әр түрлі қарым-қатынас стилдеріне, түрлі мінез – құлыққа бейімделуі; басқа мәдениет ортасына бейімделе алуы) Икемділік: (жағдаятқа сәйкес қарым-қатынас стилін, мінез-құлық түрін таңдай білуі) Жанашырлық таныту (эмпатия)	
Білім және түсінік Өз мәдениетін танып, білу - мәдениет туралы терең білім мен түсінік болуы (мәдениеттің рөлін, әсерін және басқалардың көзқарасын қоса алғанда) - мәдениетке байланысты мағлұмат Социолингвистикалық түсінік	Дағдылар: - тыңдау, бақылау және түсіндіру; - талдау, бағалау және байланыстыру

Міндетті қасиеттер: - құрмет (басқа мәдениетті, мәдени өзгешеліктерді бағалау); - ашықтық (басқа мәдениет өкілдеріне, мәдениетаралық қарым-қатынасқа); - жаңалық ашуға әуестік (белгісіздікке төзімділік таныту)	

Бұл пирамидаға сүйенсек, мәдениетаралық құзіреттілік деңгейі берілген элементтердің қаншалықты меңгерілгеніне байланысты [4].

Қазіргі шеттілдік білім беру стандартына сай құзіреттілік болашақ маманның белгілі бір ортада әрекет етуге дайындығы және қабілеттілігі, академиялық білімінің өкілі ретінде «белсенді», «әлеуметтік бейімделген» құзіретті тұлғаға айналдырады. Құзіреттілік өз кезегінде, тұлғаның ақпарат алмасу мақсатында қарым – қатынасқа түсуінде ғана емес, оның қоғамда әлеуметтенуге, сол қоғамды өзгертуге үлес қосуында . Сондықтан да, студенттерді құзіреттілік тұрғыдан дайындау қазіргі шеттілді білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады[5].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нургалиева Г.К., Ценностное ориентированное личности в условиях информатизации общения Алматы, 2004.
2. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. 2011. 91б.
3. Садохин А.Г. Введение в теорию межкультурной коммуникации. Москва, «Высшая школа», .
4. Deardorff D.K. Identification and assessment of intercultural competence as a student outcome of internationalization // Journal of Studies in Intercultural Education. 2006. №10. 241—266 бет.
5. Евдокимова, М.Г. Тілдік мамандық түлектерінің кәсіби құзіретінің құрылымы. 2007. – № 3. – С. 26–54.

Шенсизбай Е. – магистрант 2 курса по специальности 6М011900 – Иностранный язык: два иностранных языка, Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая, e-mail: ernur.ernur@mail.ru г. Алматы, Казахстан

Научный руководитель: Ешимбетова З.Б. - *к.п.н.,ассоц.профессор, Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая,* e-mail: *akerke-zake62@mail.ru*

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ У СТУДЕНТОВ

Резюме

В данной статье рассматривается одна из актуальных тем в сфере иноязычного образования - формирование межкультурной компетенции у студентов. Так же, в этой статье дается определение термину «межкультурная компетенция», изучается его история возникновения и различные модели предложенные известными учеными.

Ключевые слова: Подход, компетентность, компетенция, межкультурное общение, подход и содержание образования, повышение качества образования, формирования межкультурной компетенции у студентов.

Shensizbay Y. – *II year master speciality 6M011900 – Foreign language: two foreign languages, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty city, Kazakhstan, e-mail: ernur.ernur@mail.ru*

Scientific supervisor: Yeshimbetova Z. B.- *candidate of pedagogical sciences, assoc. professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, e-mail: akerke-zake62@mail.ru*

THE FORMATION OF STUDENTS' INTERCULTURAL COMPETENCE

Resume

This article discusses the one of the main issues of modern foreign language education - the formation of students' intercultural competence . Also it gives main idea about intercultural competence, its development and models which were given by other linguists .

Key words: . Approach, competence, approach and content of education, improving the quality of education, formation of students' intercultural competence

МРНТИ 14.01.79

*Әбітай Д,
ҚазМемҚызПУ магистранты
«6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы
Алматы, Қазақстан
e-mail: dinara.abitay07@gmail.com*

*ф.ғ.к доцент,
Асқарова С.А.
Алматы, Қазақстан*

ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚЫТУШЫ ФИЛОЛОГТЫҢ КӘСІБИ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

Аннотация

Қазіргі заман талабына сай педагогтерге көптеген міндеттер жүктелген. Соның бірі - үш тілді білім беру жүйесі. Жоғары оқу орнына қойылған мақсат нарықтық қатынастар жағдайына бейімделген және барлық саладағы халықаралық байланыстарға түсе алатын, кәсіби құзыреттіліктерді меңгерумен қатар кәсіби өсуі мен әртүрлі елдің өкілдерімен іскери қатынастарға түсуіне қажет ағылшын тілін білетін жаңа формат мамандарын даярлау. Ағылшын тілін меңгеру оқытушыдан да, студенттен де талап етілуде. Яғни, үштілді білім беру жүйесінде оқытушы филологтың кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай, бәсекеге қабілетті болашақ ұрпақ даярлауға үлкен үлесін қоспақ. Бұл мақалада болашақ филолог мамандардың кәсіби коммуникативтің құзырттілігі туралы қарастырамыз.

Түйін сөздер: коммуникативті құзыреттілік, шет тілін оқыту, әдіс, тәсіл, ақпараттық технология.

Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте дей келе, үш тілді білім беру жүйесінде оқытушы филологтың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптасытру ізденіс пен табандылықты қажет етеді. Шет тілін еркін меңгеру, тіпті шектеулі дәрежеде сөйлей білу – қыр-сыры көп аспектілердің бірі десек, ал қажырлы оқудың нәтижесі – коммуникативтік құзыреттілік – өте күрделі, көп компонентті құбылыс болғандықтан, шет тілін оқытудың мақсатына, яғни күрделі интеграциялық тұтастықты көрсете отырып, мәдени аралық құзыреттілікке алып келеді. Бұдан мәдени аралық мотивация, коммуникативтік қатынасқа түсетін екі немесе одан да көп қатысушылардың, әртүрлі әлеументтік лингвоэтномәдени өкілдерінің байланыстарының туатынын білеміз. Ендеше, мәдени аралық мотивацияға алып келетін коммуникативтік құзыреттілікті төмендегідей деңгейде игеру керек:

- шет тілінің жүйелі білімін және тілдік құралдарды тілдік қатынас
- кезінде пайдалана білу;
- коммуникативтік икемділік, яғни түсіне білу, оны жеткізе білу (белгілі
- бір сферада, тақырыпта, ситуацияда);
- 3. ауызша және жазбаша түрде байланыс жасай білу, түрлі көлемдегі
- мәліметтерді хабарлай білу, мәнді-мағыналы, жүйелі жауап қайтара білу, ойын [1]
- жеткізе білу, мағлұмат ала білу, қатынас жасаушының ойын түсіне білу;
- 4. түрлі мәліметтерді дыбысталған немесе жазылған мәтіндерден әртүрлі
- тәсілдермен ала білуде қолдана білу және талдау.

ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Қазақстан Республикасында шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасы» Шеттілдік білім берудің үш тұғырлы тіл идеясын жүзеге асыру барысында білім мекемелері мен оқытушыларға келесі принциптер қажет екенін көрсетеді.

- үздіксіз және бірізді шеттілдік білім беру;
- коммуникативтік-мәдениетаралық өзара байланыс;
- оқу процесін ұйымдастырудың проблемалығы мен интерактивтілігі;
- оқыту процесінің тұлғалық және жеке бағыттылығы;
- шеттілдік білім берудің іргелілігі;[2]
- халықаралық-стандарттық оқығандық деңгейін қамтамасыз ету;
- шет тілін шығармашылық, когнитивті-қызметтік қолдану;
- рефлексивті өзін-өзі реттеу;
- әлеуметтік-экономикалық өмір өзгерістеріне икемділігі және бейімделгіштігі;
- оқытушының кәсіпқойлығы

Қазақстан Республикасындағы білім беру саясатының басты міндеттерінің бірі үштілде білім беруді жүзеге асыру болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан - 2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауында тағы да «біздің балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін белсенді зерделеуі үшін жағдай жасау бойынша» қажетті шаралар әзірлеу қажеттілігі атап көрсетілген.

Үштілді білім алған қазіргі студенттер оқуларын бітірген соң орта білім беру жүйесіне барып оқушыларды әр түрлі пәндерге қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқытады. Осыған орай, жоғары оқу орындарында көптілді педагог мамандарды даярлау міндеті өзекті бола түсті. [3]Қазіргі кезде метеп оқушылары мен жоғары оқу орындарында білім алатын студенттердің көбі экономикамыздағы өзгерістерге байланысты ағылшын тілін оқуға мәжбүр болып отыр. Бірақ соңғы кезде білім саласындағы ағылшын тіліне деген әлеуметтік сұраныстың өсуінен оқушылар мен студенттер тілді меңгеруді саналы түрде қалайды. Қазіргі әрбір қазақстандық үш тілді білу – әркімнің жеке дамуының міндетті шарты екендігін түсініп отыр. [4]Оқытушы филологтың жеке тұлғасынан, сонымен қатар, қоғам тарапынан білім беру саласына түскен әлеуметтік сұраныстан ағылшын тілін меңгеру әдістемесіне қойылған басты талап ағылшын тілін меңгеру үрдісін әлеуметтендіру болып отыр, себебі бұл ауыспалы кезең жағдайында мамандардың әлеуметтік бейімделуінің басты шарты болып табылады. Үштілді білім беру коммуникативті құзыреттілікті арттырады. Коммуникативті құзыреттілікті Е.М.Алифанова «тұлғааралық қарым-қатынас субъектісінің орнату мүмкіндігін қамтамасыз ететін біліктіліктер жиынтығы, ақпаратпен алмасу, рефлексивті мінез-құлықтың көрінуі» ретінде қарастырады. Коммуникативті құзыреттіліктің құрылысына мысалы, байланысты орнату біліктілігі, кері байланысты ұстану, серіктеске бағытталу біліктілігі, өз «менінің» жеке ерекшеліктерін ескеру кіреді. [5]Алайда, бүгінгі таңда педагогикалық жоғары оқу орындарында білім алатын студенттердің барлығы бірдей шетел тілін терең меңгермеген, сондықтан іріктеуді қажет етеді. Алдыңғы кездері «Elementary» деңгейінде де жұмыс істеп көру жөн. Сондықтан болашақ оқытушы филологтардың шетел тілінде коммуникативті құзыреттіліктерін дамыту үшін кәсіби пәндері бойынша арнайы контентті өңдеп шығуы тиіс. Оқыту мен оқу жаңа әдістерін енгізу мен әдістемелік нұсқауларды жаңартуда оқытушы әр оқу тапсырмасының мазмұнының сабақтың мақсатына орай әрі өлшемді бағалауға сай ойластырып, тақырыпқа сәйкес ағылшын тілінен терминалогиялық глоссарий даярлауы қажет. [6]

Жоғары оқу орнына қойылған мақсат нарықтық қатынастар жағдайына бейімделген және барлық саладағы халықаралық байланыстарға түсе алатын, кәсіби құзыреттіліктерді меңгерумен қатар кәсіби өсуі мен әртүрлі елдің өкілдерімен іскери қатынастарға түсуіне қажет ағылшын тілін білетін жаңа формат мамандарын даярлау. Бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгерген маман ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесе алады, себебі әлемде ашылып жатқан ғылыми жаңалықтар ең алдымен ағылшын тілінде жарияланады. Сонымен бірге әлемдегі ең үздік, ең беделді жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруға мүмкіндік алады.

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек. Шет тілін оқып-үйрену процесі кезінде коммуникативтік құзыреттіліктің мынандай компоненттерін дамытуға аса мән бергеніміз жөн филолог-мамандардың кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру білім беру жүйесінің жаңа қырынан оқытумен үйлесетін бірі ғана емес, соның ішінде филолог-маманның шеберлігіне, жалпы мәдениетіне, тілдік тұлғасының қалыптасуына, таным деңгейіне үлкен мән беру – өзекті мәселе. Сондықтан қазіргі таңда мектептерде шет тілін бастауыш сыныптардан, тіпті балабақшадан бастап оқыту енгізілуде. Себебі, ағылшын тіліне ерте жастан оқытудың тілді жақсы әрі еркін меңгеруге тигізер әсері мол. [7] Көпжылдық зерттеулер көрсеткендей, ағылшын тіліне ерте жастан оқыту балалардың жалпы және тілдік дамуын реттейді, балаларды өзге ұлт мәдениетін білуге және құрметтеуге үйретеді. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, ересек адамға қарағанда, жас балалар ағылшын тілін жылдам меңгереді. Сонымен қатар оқытушы-филолог мамандардың алдында баланың жан дүниесін түсініп, қабылдауға қабілетті, диалог негізінде өзара қатынас құра алатын, ашық қарым-қатынас жасау икемділігі бар, оқушылармен біріккен іс-әрекет барысында позитивті педагогикалық қарым-қатынас жасай білетін, мектептің оқу-тәрбие үдерісінде эмоционалдық жайлылықты қамтамасыз ете білетін мамандарды даярлау міндеті тұр. Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдік бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудың бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Дегенмен, сол үштілділіктің іргетасы ана тіл мен білікті мамандар даярлаудан қаланбақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Орта мектепте шетел тілін оқыту әдістемесі Г.В.Рогова, Ф.М.Рабинович, Т.Е.Сахарова. – М.: Просвещение, 1991. – 287 б. –
- 2Б.Ж.Курманова. Интерактивті оқытудың психолінгвистикалық мәні // Шетел тілін оқыту әдістемесі, 2014. – №1. – 3-7 б.
3. Шетел тілін ауызша үйренудегі коммуникативтік әдіс. Пассов Е.И. М.: Просвещение, 1991. – 223 б
4. Шетел тілін дәстүрлі және жаналық түрінде оқыту. Кашина Е. Г. 2006. – 75 б.
5. Тілдік мәдени коммуникативтік негізінде шетел тілін оқыту. Н.И.Курганов. А.И. Герцена. – 2007. – №28

*Абитай Д,
Магистрант КазГосЖенПу
«6M011900 – Иностранный язык: два иностранных языка»
Алматы, Казакстан
e-mail: dinara.abitay07@gmail.com*

*к.ф.н доцент,
Асқарова С.А.
Алматы, Қазақстан
Аннотация*

По требованиям современности педагоги нагружены многими обязанностями. Один из них это – система трехязычного обучения. Целью, которая ставится для высших учебных заведений, является подготовка специалистов нового формата приспособленных к положению рыночных отношений и умеющих вступать в международную связь во всех

областях, которые знают английский язык для освоения профессиональной компетентности и для строения деловых отношений с разными представителями нации. Изучение английского языка требуется как с учителя, так и со студентов. То есть, формирование профессиональной коммуникационной компетентности преподавателя филолога в сфере трехязычного образования вносит лепту в подготовке соответствующего современному миру конкурентоспособное поколение. В этой статье мы будем рассматривать профессиональную коммуникативную компетентность будущих специа

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, преподавание иностранного языка, метод, информационная технология.
листов филологов.

Abitay D

Candidate for master degree
Kazakh State Women's Teacher Training University
«6M011900 – Foreign language: two foreign languages»
Almaty, Kazakhstan
e-mail: dinara.abitay07@gmail.com

Candidate of philological sciences as. Prof.
Askarova S.A
Almaty, Kazakhstan

TO FORM THE TEACHER'S PROFESSIONAL COMMUNICATIVE COMPETENCE IN THE TRILINGUAL EDUCATION SPHERE

Annotation

By the demand of modernity, pedagogues are loaded with many duties. One of them is trilingual education system. The aim for higher education institutions is to prepare new style professionals adapted for situations of market relations and could get into international communication in all field, professionals who knows English language for mastering professional competence and for forming business dealings with different nations. Learning the English language demands from as teacher, so from students. In the other words, forming the professional communicative competence of teacher philologist in the trilingual education sphere puts in spoke to the preparations of competitive generation corresponding to thy modern world. In this article, we will consider the professional communicative competence of future language professionals

Keywords: communicative competence, teaching a foreign language, method, information technology.

**КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР
ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ИННОВАЦИЙ В ОБУЧЕНИИ К ЯЗЫКАМ
MULTILINGUAL EDUCATION AND INNOVATIONS IN LEARNING LANGUAGES**

МРПТИ 16.01.11

Shayakhmet A.¹

Associate Professor of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

BALANCED CHILDREN'S BILINGUALISM: THEORY AND PRACTICE

Abstract

In this article the author describes the linguistic issues of primary school age children's Kazakh-Russian and Russian-Kazakh bilingualism and compares the theoretical statements on main types of children's bilingualism with her own research findings. Hypothetically allowable, balanced bilingualism is in fact under the influence of many things, amongst them the most important ones are family members, teachers, classmates, peers and the language of entertainment. This means that socialization has a great impact on children's bilingualism. Today, our society needs to understand the fundamentals of language acquisition to raise and educate polylingual children, who would be able to speak three languages.

Keywords: children's bilingualism, diglossia, dominant language, code switching, speech activity

Since the globalization and internationalization phenomena are spreading more and more all over the world, and they embrace almost all fields of people's life, including their speech activity, nowadays the problem of children's bilingualism are being considered as one of the most important problems both in the theory and practice of language acquisition, and especially for Kazakhstani linguistics. Some researchers believe that "in principle, all of the world's population can be considered bilingual, because in most countries of the world more than one languages are included into school curriculum" [1, p.1]. As the international contacts and exchanges increase, knowledge of a second, and even third language plays an important role.

1. Kazakh-Russian and Russian-Kazakh children's bilingualism

Since children's bilingualism in Kazakhstan is not just co-existence of two languages in children's speech, but the vital necessity due to universal bilingualism in our country. The main factor, leading to children's acquisition of a second language— either Kazakh (when the first language is Russian, or Russian— when the first language is Kazakh), is an inevitable general socialization, which appears as a mandatory part of linguistic socialization, accompanied by different psycholinguistic factors. One of them is the hypothetical balance between two languages in children's bilingual speech.

Despite the potential for problematic results, new and positive forms of diversity can evolve from the contact between languages and cultures of Kazakhstan. In some bilingual, bicultural homes, children learn the cultural ways of both their parents and grandparents. In certain instances, language and culture separate from each other, creating a new and different combination of behaviors. There can also be a distinctive richness to the complex dynamics of polylingual and polycultural children's lives.

We have conducted research on the speech of bilingual children who were primary school students, that is, pupils from the first to the fourth grade. At the beginning of our study, the first year school children were six or seven years old, and respectively, pupils of the last grade of primary school were ten or eleven. On the basis of our preliminary screening, for our research we chose children attending Kazakh schools, because they can be called bilingual thanks to their dual language acquisition, whereas pupils, attending Russian schools, have different and unequal skills in two languages, so the latter, to our mind, can be called rather diglossal than bilingual. Moreover, many Kazakh children attending Russian schools are revealed to be monolingual.

2. The studies on children's bilingualism

Nowadays there are many various researches all over the world; they explore children's bilingualism from different points of view. However, the interest in children's bilingualism has existed for a long time. The linguists usually recorded the speech of their own children: one of the oldest best known researches is J. Ronjat's study of French-German children's bilingualism [2], which was the result of his observation the linguistic development of his own son Louis for five years. The father and researcher practiced so-called "one person – one language" (OPOL) strategy, where he was talking to Louis in French, whereas his wife, Louis' mother was speaking German. After five years the child was fluent in both languages. There is W. Leopold's linguistic study [3], consisting of four volumes and containing extensive analysis of the child's German-English speech, as well as detailed records of his daughter Hildegard, who was growing up in the family, where her father spoke German, and her mother spoke English, and lived in the United States of America. When Hildegard was two years old, she was not able to separate those two languages, but in her third year she started to differentiate them and even translate from one language to another, although her English became dominant in the speech. The issues on children's speech and its development was also considered in the works of an American psychologist J. Bruner, German psychologist K. Buhler, German psychologist and philosopher W. Stern, as well as many other researchers' works [4, pp.176-186].

Many various researches on children's speech have been conducted by Russian scientists: A.K. Gvozdev, N.Kh. Shvachkin, K.I. Chukovskiy, D.B. Elkonin, A.M. Shakhnarovich, S.N. Ceitlin, E.Yu. Protassova, K.F. Sedov, N.I. Lepskaya, I.A. Sternin, N.A. Lemyaskina, F.A. Sokhin, S.N. Karpova, etc. whose works are devoted to different aspects of speech ontogenesis and phylogenies, the Russian child's speech activity [5, pp.20-21]. Saint Petersburg school of children's speech, or ontolinguistics, has been systematical publishing references on studies and materials related to the bibliographic index [6]. In our opinion, that is an obvious evidence of special place for children's speech and importance of many research fields and areas dealing with language acquisition. In fact, all of them form a very important branch of linguistics, which is called in Russia ontolinguistics, or children's language linguistics, and even age psycholinguistics [7, p.3-4].

In Kazakhstani linguistics, children's speech was studied on the material of the Kazakh language in terms of syntax [8]. Impact of bilingualism on children's personality development [9], as well as the psycholinguistic analysis of verb forms learnt by pre-school children were investigated [10], and the features of children's bilingualism are being studied on the basis of corpus approach [11].

A theoretical approach to language acquisition – a concept that has started to be used with Noam Chomsky – differs. For instance, N. Chomsky argues that linguistic knowledge is predetermined by genetic grammatical knowledge, where language acquisition is guided by principles of Universal Grammar [12]. Chomsky's theory held that sequences of language

acquisition are very similar everywhere in the world, but his theory was not able to explain why a language can be learned only if a child has an opportunity to talk to someone. Swiss scientist Jean Piaget claimed that language development reflects the stages of cognitive development through which a child progresses. His theory describes some mental structures of children as they develop from infants into adults. Piaget, in contrast to Chomsky, argues that children play an active part in their language acquisition, and their comprehension arises out of their discoveries of the world. These two points of view represent innateness hypothesis, which is nativism, and developmentalist theory.

Жоба технологиясының оқытудағы маңызы жоғары. Жоба технологиясы оқытудың проблемалық және белсенділік принциптерін дамытуға септігін тигізеді. Жобалап оқыту оқушылардың құрылымдық-танымдық ойлауын дамытуда көмегі зор және білімге деген құштарлығын арттырады. Жоба технологиясы педагогиканың білім берудегі тұлғалық-бағдарлы технологиясы ретінде негізгі гуманистік принциптеріндегі жаңа бағыты болады. Жоба жұмысы білім алушының сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға бағытталған. Бұл мақаланың негізгі мақсаты – орта жалпыға білім беру мектебін бітірушілерге шетел тілін оқытуда жоба технологиясын қолданылуын зерттеу мен негіздеу болып табылады.

Түйін сөздер: жоба технологиясы, шетел тілін оқыту, тұлғалық бағдарлы білім беру, танымдық құзыреттілік.

Қазіргі кезде шетел тілін оқыту үрдісінде жоба технологиясы тұлғалық-бағдарлы технологияның педагогиканың негізгі гуманистік үдерістерінің бағыты ретінде көрінеді. Тұлғалық-бағдарлы оқыту мәселесіне ғалымдар да, практиктер де ежелден-ақ айрықша назар аударып келеді. XIX ғасыр соңында батыс педагогтары дидактикалық ізденістерінде оқытып-үйретудегі эмоциональдық тартымдылық мәселесіне көбірек көңіл бөлді. Философия мен білім беру қызметіндегі гуманистік бағыт идеялары жобалық әдіспен байланысты еді. Олар «проблемалық әдіс» немесе «мақсатты акт әдісі» деп аталды.

Жобалық практикалық әдіс 1920-шы жылдары АҚШ-тың ауыл шаруашылығы мектептерінде пайда болды. Ол сол кезгі еңбек мектебі идеясының кеңінен таралуына байланысты болатын. Р.Л.Фазылованың пікірінше: «Жобалық практикалық оқыту баланың мектеп берген білімді есте сақтап қана қоймай, оны тәжірибеде қолдана білуі үшін белсенді түрде өздігінен ойлай білуге үйретудің тәсілдерін, жолдарын табуға бағытталды» [1]. Жобалық практикалық әдіс негізіндегі жалпы үдеріс оқу материалы мен оқушы арасында тікелей тәжірибелік байланыс орнату, шәкірттерді белсенді танымдық және шығармашылық қызметке тарту болатын. Бұл жалпы бір мәселені шешуге байланысты практикалық тапсырмаларды (жобаларды) орындау кезінде жүзеге асырылды.

Жобалау әдістемесі бойынша істелетін жұмыс бірнеше кезеңдерден тұрады:

Бірінші кезеңде мұғалімнің көмегімен оқушылар істейтін жұмыстарының мақсатын белгілеп, мәселелерді анықтайды. Өртүрлі сурет, сызба, мәтін т.б. жобаға қажетті материалдар жинастырады.

Екінші кезеңде істейтін жұмыстың жоспары жасалып, топ мүшелері өздеріне нақты тапсырма алады.

Үшінші кезеңде оқушылар өртүрлі лексикалық, грамматикалық, ойлау, оқу, сөйлеу т.б. қабілеттерін дамытатын жаттығулар орындап, білімдерін жетілдіреді, туындалған мәселені шешуге, жобаны жасауға әдіс, тәсілдер мен жұмыс түрлерін анықтайды.

Төртінші кезеңде әр топ өздері белгіленген жобаны жасап, дайындайды.

Жұмыстың бесінші, қорытынды кезеңінде оқушылар дайындаған жобаларын қорғап, пікірлерін дәлелдейді.

Жобалау әдісін сабақ барысында қолдану арқылы оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, сабақта алған білімдерін іс жүзінде қолдануға көмегін тигізеді. Жобамен жұмыс істеу барысында оқушылар берілген тақырып бойынша туылған мәселелерді шешуге, өз ойларын дәлелдеуге, пікірлесуге үйренеді. Сабақты түрлендіріп өткізу үшін, әрине, оқушылардың білім деңгейі жоғарғы дәрежеде болуы шарт, сондықтанда жобалау сабақтарын жоспар бойынша берілген тақырыптарды меңгерген кезде, қорытынды сабақ ретінде өткізсе, тиімділігі жоғары болады. Жобамен жұмыс істейтін оқушылар бірнеше топқа бөлінеді. Әр топқа білім деңгейі жоғары оқушы жетекшісі болып, басқаларға көмек көрсету, түсінбегенін түсіндіру. Топқа бөлуде оқушылардың психологиялық үйлесімділігін де ескеру өте маңызды.

Эксперт тобы әр топтың жұмысына талдау жасап, қорытындылайды. Сабақ соңында оқушылар сабақ туралы өз пікірлерін айтып, келесі сұрақтарға жауап беріп, қорытынды жасайды:

1. Жобалау әдістемесі пайдаланылған сабақтан қандай әсер алдыңдар?
2. Жасаған жұмыстың білімдеріңді кеңейтуге тигізген пайдасы болды ма?
3. Дайындық кезінде қандай ізденіс жұмыстарын жүргіздіңдер?
4. Жұмысты жасауда жіберген кемшіліктерді жою жолдары қандай? Нені ескертіп, неге көңіл аудару қажет?

Мұғалім әр кезеңде әр түрлі роль атқарады, ол – көмекші, бақылаушы, нұсқаушы жұмыстың барлық кезеңінде мұғалім шәкірттерінің іс - әрекеттерін қолдап, мадақтай келе, олардың ынтасын көтерген жағдайда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады.

Жобамен жұмыс істеу әрбір оқушының жұмысқа деген жауапкершілігін арттырады, шығармашылық қабілетін дамытып, оқытудың түпкі мақсаты: білім сапасын жақсартуға

үлкен ықпалын жасайды. Тіл – ол әрбір халықтың мәдениетін, тарихын, тұрмыс – тіршілігін, сол халықтың стереотипін сипаттайтын зерделі айна.

Тіпті жеке тұлғаны алып қарасақ та оның сөйлеген сөзіне, айтқан әңгімесіне, сөйлеу мәнеріне қарап, біз ол адамның мәдениетін, қандай әлеуметтік топқа жататынын, тіпті оның географиялық мекенін де анықтай аламыз. Соңғысы ол әрине ол диалектологияға байланысты.

Жастарымыз еліміздің болашағы дейміз, өркениетке жету жолында жастарымызға сенім артамыз. Егер жастарға білім беру, оларды тәрбиелеу жауапкершілігі мына біздерге, ұстаздарға жүктелетін болса, шетел тілдерін үйренудегі коммуникативті – танымдық оқыту әдісін ұсынғым келеді.

Бірақ алдымен, осы шетел тілдерін оқыту әдістемесінің зерттеулеріне сүйене отырып, өткен ғасырдың соңғы 30 жылында жеткен жетістіктеріне тоқтала кетсек:

1) Шетел тілін оқу үдерісін сипаттайтын әдістемелік білімнің категориялары анықталып, әдістемелік түсініктердің жүйе құрылымы пайда болуы.

2) Даму заңдылықтары бұрынғыдай пәлсапаның жаңа зерттеулерімен, лингвистикасымен, психологиямен, психолингвистикасы және жалпы дидактикамен байланысып жатқан шетел тілін оқытудың теориялық және практикалық әдістемелер негіздерін түзету жобасы ұсынылады.

3) Көптеген әдістемелік зерттеулердің арқасында оқу жүйесінде әртүрлі жас ерекшеліктеріне қарай шетел тілін үйренуде бір – бірімен тығыз байланысты сөйлесім әрекетінің негізгі түрлерін: тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым әрекеттерін сабақ барысында комплексті түрде пайдаланудың тиімді жолдарын анықтады.

4) Шетел тілін оқуда үйренуші тіл және сол тіл елінің мәдениетін зерттеуде айтулы нәтижелерге қол жеткіздік. Дегенмен, тіл және мәдениет арасындағы қатынас мәселесі шетел тілін үйренудегі белгілі ережелер ретінде әлі күнге дейін толыққанды ашылмай отыр.

5) Шетел тілін үйренудің қай сатысында болсын оны меңгеру үдерісінде ана тілінің «ерекше маңызы» анықталады.

6) Шетел тілін үйрену үдерісіндегі коммуникативті бағытталған негізі ұсынылады, ол дегеніміз шетел тілінің үйренуші тұлғаның тілге деген құштарлығы, белсенділік әрекеті, өз бетінше жұмыс істей алу еркі, яғни осы әрекеттердің барлығы шетел тілін үйренушінің бойынан табылатын болса, онда бұл әрекеттер шетел тілін үйрену үдерісін жеңілдеткен болар еді.

7) Шетел тілін оқыту үдерісінде аудио-видео және электронды техникалық аппараттарды пайдаланудың тиімді жақтары көрсетілді.

8) Шетел тілін оқытуда, оқытылып жатқан шетел тілінде сөйлеу проблемалары көтеріліп, сабақ барысында сөйлеу ортасын туғызу арқылы коммуникативтік жаттығулар орындау, коммуникативтік компетенцияларды дамыту енгізіледі.

9) Шетел тілін оқытуда әсіресе жоғарғы оқу орындарына көп көңіл аударылып, шетел тілін оқыту жүйесінің қай саласы болсын, білімді стандарттау, реттеу әдістемесі ғылымның өзекті мәселесі ретінде қарастырылып, сараптау, яғни тестілеу арқылы шетел тілін үйренушінің нәтижелері қадағаланып, олардың оқу сатылары анықталып отыратын болды.

Жобалық практикалық әдіс американдық педагог және психолог Дж. Дьюи, сондай-ақ оның шәкірттері мен ізбасарлары В.Х.Килпатрик, Э.У. Коллингс идеялары арқылы дами түсті. Американдық педагог, психолог, философ-идеалист Джон Дьюи (1859–1952) АҚШ-та сол кезгі мектеп жүйесін өмірмен байланысы жоқ, абстрактылы, схоластикалық сипаты үшін сынады. Дж. Дьюи мектепте білім беру ісін реформалауды ұсынды. Ол бойынша білім баланың практикалық қызметі мен жеке тәжірибесіне суарылуы керек еді. Яғни мектептен алған білім тәжірибемен қанығуы тиіс болды. Дж. Дьюи былай деді: «... білім деп атауға болатын білім, қандай да бір мақсатқа бастайтын ақыл-ой тәрбиесі – әлеуметтік өмір процесіне жақын, шынайы түрде қатысу арқылы ғана келеді». Ол қазіргі

заманғы жобалық практикалық оқытып-үйрету ұғымындағы негізгі тезистердің бірі болып табылатын «Іс-әрекет арқылы оқытып-үйрету» ұранын көтерді. Бұл орайда оқу нәтижелі болу үшін бірқатар талаптар белгіледі. Олар: оқу материалын проблематизациялау; баланың белсенділігі; оқытудың бала тіршілігімен, ойынмен, еңбекпен байланысы.

И.А.Зимняя, Т.Е.Сахарова осылайша бала материалды жай тыңдау немесе сезіну арқылы емес, таным-білімге деген ынта-ықыласы, қажеттілігі арқылы игереді, яғни ол оқытып-үйретудің актив субъектісіне айналады деп тұжырымдайды [2]. Ресейлік зерттеуші Е.С.Полат қазіргі заманғы дидактиканы дамытуға жобалық практикалық әдістің қолданылуын былайша негіздейді:

- сыныптық-сабақтық жүйе әлі де қолданыстан шыға қоймаған қазіргі кезде жобалық практикалық әдіс оқу процесіне жеңіл үйлеседі және оның базалық деңгейі үшін білім беру стандарттары бойынша белгіленген оқыту мазмұнына ешбір зияны жоқ;

- бұл шынайы оқу-тәрбие үдерісімен ықпалдасқан кезде мемлекеттік білім беру стандарты белгілеген мақсаттарды ойдағыдай жүзеге асыратын технология;

- бұл нағыз педагогикалық технология; ол өзінің философиялық, психологиялық мәнімен ғана емес, сонымен бірге таза адамгершілік тұрғысынан да гуманистік сипатта [3].

Ол оқу материалының берік игерілуімен қатар, оқып-үйренушілердің интеллектуальдық және адамгершілік дамуын, олардың өздігінен әрекет ете білуін, мұғалімге және бір-біріне мейірімділігін, көпшілікпен тіл табыса алуын, өзгеге көмекке келуге әзір болуын қамтамасыз етеді. Дәстүрлі педагогика тудыратын бәсекелестік, менмендік, дөрекілік, авторитарлық сипаттары бұл технологияға жат. Көптеген зерттеулер нәтижесі жобалық практикалық қызметтің білім беру жүйесінде нәтижелілік компоненті рөлін атқаратынын айқындап отыр.

Бүгінгі күні біз ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуына орай жобалық практикалық әдіс күллі әлем бойынша кең өріс алып, ХХІ ғасырдың оқытып-үйрету технологиясына айналып отыр деп сеніммен айта аламыз. Жоба негізінде оқытып-үйретудің мұғалімге бейімделген дәстүрлі сабақтардан айырмашылығы оның жоспарлы оқытып-үйрету моделі екендігінде. Мұнда сабақ оқушыға, перспективаға бейімделеді, шынайы өмірдің проблемаларын, тәжірибелерін негізге алады, оқу мен тәжірибе бетпе-бет келіп, өзара қарым-қатынасқа түседі. Сондықтан жобалық практикалық әдістің «Бәрі өмірден алынады, бәрі өмірге арналады» деген ұраны айнала қоршаған ортаны лаборатория ретінде пайдалануды бағдар тұтады. Мұнда таным мен зерттеу процесі жүреді. Онда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылады.

Осыған орай ғылыми зерттелген білім беру әдістерін іс жүзіне асыруда білім берудің сан алуан жаңа технологиялары пайдаланылып жүр. Солардың бірі – Ұлыбританияның «Кэмбридж» университетінің әдістемесінің басылымындағы «Cutting Edge» оқулығы. Модульдеп оқыту технологиясы негізінде жасалынған оқулық – біріншіден, жасөспірімдерге күнделікті тұрмыс қажетіне, ситуацияларға негізделген коммуникативтік курс. Екіншіден, бұл әдіс ағылшын грамматикасын анық және жанамалап таныстыратын күнделікті сөздерде қолдануға үйрететін структуралық курс. Сондықтанда, бұл әдісте оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыратын тақырыптар мен тапсырмалар көп берілген. Коммуникативтік курс негізінде оқытудың түрлері: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу тығыз байланыстырылып құрылған.

Жобалау әдісінің жаңа түсінігінің негізін Е.Полат былай деп тұжырымдаған: «Көлемді мәселені зерттеу, өңдеу әдістері шынайы тәжірбиелі қорытындыға негізделген, мәселенің қайта өңделуі әр түрлі деректерді қосқанда қолданады. Мұндай нәтижеге жету оқушының өз бетімен ойлауға, мәселені шешуге, болжауға және оның себеп-салдарына байланысты» [3].

Қорыта келгенде, жоғарыда шешімі табылғандай көретін мәселелерге үңіле кетсек олардың әлі де болса зерттеулер мен толықтыру қажет ететінін байқаймыз. Біз осы жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, жобалау әдісімен оқыту үнемі жеке тұлғаға

негізделіп бағытталған және ол оқушының белсенділік, танымдық, іскерлік, т.б. қабілеттерін қалыптастырушы фактор деп түсінеміз. Еліміздің шетел елдерімен қарым – қатынасымыз күшейіп отырған қазіргі кезде оқушылардың шетел тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті. Шәкірттерінің сабақтағы белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру, ойлау, шығармашылық, ізденіс қабілеттерін дамыту арқылы білім сапасын көтеруде оқытудың жаңа технологияны пайдаланудың мәні зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Фазылова Р.Л. Проект на уроках немецкого языка. // Иностранный язык в школе. 1999. №3.
2. Зимняя И.А., Сахарова Т.Е. Проектная методика обучения английскому языку. // Иностранный язык в школе. 1991. №3.
3. Бородулина М.К. Шет тілін үйрету. – М. Просвещение, 1975.
4. Кузьмичева Т.Н. Технические средства в обучении английскому языку. – М. Просвещение, 2001.
5. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологий // Иностранный язык в школе. 2004. №3.
6. Байдурова Л.А., Шапошникова Т.В. Метод проектов при обучении учащихся двум иностранным языкам / Л.А. Байдурова, Т.В. Шапошникова // Иностр. языки в школе. - 2002. - 1. - С. 5-11.

А.Б.Базарбаева

магистрант 1 курса, КазНПУ имени Абая

Научный руководитель - доктор PhD, ст. преп Убнязова Ш.А.

г.Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОЕКТНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация

Роль проектной методики в обучении трудно переоценить. Она позволяет реализовать принципы проблемного и деятельностного обучения, помогает сформировать основные компетенции учащихся. Работа над учебными проектами способствует развитию конструктивного критического мышления школьников, а также повышению мотивации к учению. Проектная методика как новая педагогическая личностно-ориентированная технология отражает основные принципы гуманистического подхода в образовании. Проектная работа направлена для сознательного развитие критического мышления обучающихся. Целью данной статьи является исследовать и обосновать технологию использования проектной методики при обучении ИЯ на завершающем этапе средней общеобразовательной школы.

Ключевые слова: проектная технология, обучения иностранному языку, личностно-ориентированное обучение, когнитивная компетенция

Abstract

PECULIARITIES OF USING PROJECT TECHNOLOGIES IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Bazarbayeva A.B.

The 1st year MA student, Abai KazNPU

Supervisor - PhD, senior lecturer Sh.A.Ubnyazova

Almaty, Kazakhstan

The role of the project methodology in training can not be overestimated. It allows to implement the principles of the problem and activity of training and it helps to form a core

competence of students. Work on the educational project contributes to the development of students' constructive critical thinking and to increase motivation for learning. Project technology as a new student-oriented pedagogical technology reflects the basic principles of the humanistic approach to education. Project work is aimed for the conscious development of students' critical thinking. The aim of this article is to explore and justify the use of technology in teaching project methodology in teaching foreign languages at the final stage of secondary school.

Key words: project technology, teaching foreign languages, individual-oriented teaching, cognitive competence

МРНТИ 14.01.85

Абай атындағы ҚазҰПУ 1 курс магистранты Р. Шакиржанқызы

Ғылыми жетекшісі- ф.ғ.к., доцент Асқарова С.А.

Алматы қ., Қазақстан

SMART ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Бұл мақала оқу үдерісі мен сыныптан тыс шараларда жаңа технологияларды қолдану мәселесіне арналған. Автор теориялық және практикалық нәтижелер көрсететін смарт-технологиялардың қажеттілігіне тоқталады.

Бүгінгі күні мұғалім студенттердің зерттеушілік дағдыларын дамытып қана қоймай, оларды білім беру үрдісінде және жеке дамуында өзін-өзі бағалауға, жетілдіруге және дамытуға дағдыландыруы қажет. Осы міндеттерді шешуде компьютерлік технологиялар кеңінен қолданыс табуда әсіресе, қазіргі таңда Е-learning (электронды білім беру) бағдарламасынан Smart Education – «тапқыр білім беру» үрдісіне қарай бағыт алды.

Smart Education – осы үрдісте қолданылатын концепция. Сонымен қатар, бүкіл білім беру үрдісін біртұтас жаңашаландыруда қолданыс тапқан әдістер мен технологиялар жиынтығы.

Түйін сөздер: *ақпараттық технологиялар, смарт-технологиялар, «ақылды білім», заманауи сабақ, интерактивті тақта.*

Қазіргі жаңаша қоғам жаңа технология мен компьютердің мүмкіндіктерінің өте жылдам дамуы мен ақпараттық технологиялардың барлық салаларда кеңінен қолданылуымен ерекшеленеді. Сондықтан білім берудің барлық салаларында, оның ішінде шетел тілін оқытуда жаңа технологияларды қолдану басты назарға ілікті. Мысалы, шетел тілі сабағында компьютерлерді қолдануға қатысты көзқарастар түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Алайда осы жағдайлар шетелдік білім беру үрдісіне де қатысты болып, білім берудің классикалық принциптерінен бас тартпай-ақ, сабақта жаңа озық технологияларды барынша кеңінен пайдалану мүмкіндіктерін туғызады.

Осындай озық технологиялардың бірі де, бірегейі сабақта SMART тақтаны, яғни, интерактивтік Sympodium планшетімен толықтыруға болады. Ең бірінші тиімділігі - мұғалім кіші топтарды игергендей үлкен аудиторияларды да игеруге болады. Мұғалім, кішігірім экранда жазу жазып, орнынан қозғалмай оқушыларға қарап тұрып, компьютерлік қосымшаларды, сонымен бірге оқушылардың үлкен экранда және интерактивтік тақтада берілген сол көріністі көретінін бақылай алады.

SMART технологиясы және оны қолданудың маңызын анықтау мақсатында: сараптау, негіздеу, талдау, жүйелеу және тұжырымдау әдістерін қолданған оңтайлы.

Қазіргі кезде мектептерде «SMART ART» интерактивті өнердегі студиялар ашылып жатыр, онда цифрлік картина жасау үшін SMART интерактивті құрылғысы қолданылады. Бұл студияда әлемдік көркем өнер мен көркем мәдениет негізіндегі сабақтар өтеді. Сурет салу бойынша арнайы жасалған бағдарлама көмегімен («SMART Notebook», “2 Paint a Picture”, ‘Touch Me Tender’, ‘Adobe PhotoShop’ және т.б.) оқушылар көркем шығарманың айырмашылықтарын көріп қана қоймай өздері де графикалық инсталляцияны жасай алады [1].

Жалпы, SMART технологиясының мағынасын ашып алсақ:

SMART –мақсат бойынша басқарудың белгілі әдісі, оның мағынасы төмендегідей:

S (specific) — мақсаттың нақтылығы (ерекшелігі)

M (measurable) — өлшемділік

A (achievable) — қолжетімділік (келісімділік)

R (relevant) — релеванттылық (сәйкестік)

T (time bound) — уақытша мерзімдер.

Яғни, білім беру үрдісінде белгілі бір мақсатқа жетуде қолжетімді, нақты, сәйкес, уақытша немесе ұзақ мерзімді пайдалануға болатын құрылғы. Жалпы, оқушылар мен мұғалімдердің пікірінше, материалды қарапайым аудиториядан гөрі интерактивті тақтамен бірге жүргізілген сабақты ұғыну әлдеқайда қызықты, әрі ұтымды [2].

SMART Ideas бағдарламасы көпдеңгейлі схемалар жасауға сондай-ақ, видео көріністер және сілтеме жасалған файлдарға қосуға мүмкіндік береді. Материалдар нақты құрылғанда ғана, үлкен көлемді ақпараттар түсіну үшін қолайлы келеді. Компьютерлік класстар үшін компания SMART Technologies арнайы SynshronEyes бағдарламасын ұсынады. Осы бағдарлама арқылы, мұғалім компьютердің алдында отырып, өз мониторінен барлық оқушылардың компьютерлерінің экрандарын көре отырып және олардың тапсырманы қалай орындағандарын бақылай алады. Оқу мекемесінің кіре беріс немесе басты холлы - алдымен, оқушылар, педагогтар мен сырттан кірген адамдар көзіне бірден түсетін жер, сондықтан әдемі, тартымды рәсімделгені дұрыс, ақпараттар да соған сәйкес болуы қажет. Басты холл интерактивті SMART-фойе болады, сонда тұрып сол мекеме туралы ақпараттарды қолдануға болады.

Осы ретте, Бурдина И.М. SMART технологиясының негізгі тиімділігі мен маңыздылығын ретпен атап көрсеткен болатын:

➤ Мұғалімдердің жұмысын жеңілдететін, тапсырмаларға үлкен интерактивті пен көрнекілік беретін, сондай-ақ, барлық мүмкіндіктегі тақырыптар мен пәндер бойынша анимациялық роликтер, үлкен коллекциялы суреттер ұсына отырып компания SMART Technologies арнайы бағдарлама жасалуда. Сабақ барысында сіз веб-сайттар мен кез-келген қосымшалардан да жазу жаза алсыз, әрі оларды да әрдайым сақтай аласыз, олар

сізге қажет болуы мүмкін. Осы орайда, мұғалім интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдаланып, материалды әр түрде классификациялауына; объектілерді жылжытуға, түстермен жұмыс жасауға – кейін кішігірім топтарда өздігінен жұмыс істей алатын оқушылар процесіне үйренуіне болады. Кейде өздерінің пікірлерін білдірулері және жұмысты ары қарай жалғастыруға бағыт беру үшін оқушылардың назарын тақтаға қайта аударуға болады.

➤ Интерактивті тақтада компьютерде жасайтын жұмыстарды да жасай аласыз: мәтінді теріп және сақтай аласыз, фильмдер мен слайдтар көрсете аласыз, интернеттен қажетті ақпараттар іздестіре аласыз. Мұғалімнің берген сабағын оқушылар тақтадан анық көре алады, олардың назары тақтада болады.

➤ Интерактивті SMART-технологиялар тактильді басқару болып табылады, интерактивті тақтамен жұмысты жеңілдетеді және интуитивті қарапайым және тәжірибесі жоқ адамға дейін түсінікті болатындай етеді. Интерактивті SMART-тақтаның үсті бойынша арнайы қаламмен жазудың қажеті жоқ, керісінше кез келген затты пайдалануға болады - мысалы, указка, маркер, тіпті саусақпен де жазуға болады, бұл әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалардың тақтада жұмыс істеуінің бірден бір жолы. Қазіргі оқу сыныптарында өзіндік медиатор пайда болды - мұғалім мен оқушының ынтымақтастығында бөлінбес орын алған байланыстырушы – интерактивті тақта.

➤ Интерактивті SMART технологияны қолдану арқылы (интерактивті тақталар SMART, интерактивті дисплей Sumpodium, AirLiner планшеттері) мұғалімде өз сабағын оқушымен бірге мифа шабуыл арқылы модельдеу, оқу материалын көрсету, көрсетілген бейнеден тыс жазбаша комментарийлер келтіру, жаңа идеяларды хаттамалау мүмкіндігіне ие болды, осылайша оқушымен бірге білім беру контентін құрады. Интерактивті SMART-технологиялар тек оқу аудиториясы мен акт залын ғана емес, басқа да рекреациялық бөлмелерді, мысалы, кіре берісті қызықты да маңызды жерге айналдыруға мүмкіндік береді.

➤ SMART қамтамасыз етілген арнайы бағдарлама қолдан жазылған жазбаны, терілген жазба мәтініне айналдыруға немесе экран клавиатурасының көмегімен жазбаны қосуға, аудио-видео жазбалармен, текстер мен объектілермен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Көрнекілік материалдар оқушыларға алған білімдерін ұғынуға және қорытуға көмектеседі. Мұғалім SMART Ideas қамтамасыз еткен бағдарламаның көмегімен түсіндірмелі схемалар мен диаграммаларды оңай жасай алады, интерактивтік тақтада көрсетілген тартымды көріністерге зейіні ауған оқушылар да, сабақ барысындағы тапсырмаларға белсенді қатысады.

➤ SMART Ideas қамтамасыз еткен бағдарламаны пайдалануда, балалар да өздерінің ойларын өте жақсы жеткізе алады, бақылау барысында оладың ойларының өскенін байқауға болады. Мұғалім оқушылардың айтқан ұсыныстарының барлығын жаза отырып, сабағын «мыйға шабуыл» жасаудан бастауға болады, содан кейін, әр түрлі фигураларды қолдана және объектілердің арасында байланыс туғыза отырып, ақпараттарды құрылымға келтіреді, одан кейін қажетті көшірмелер жасап түсініктемелерді қосуға болады. Осы бағдарлама коллекциясының көмегімен 2000 суреттерден де көбірек материалдарды тез жүйеге келтіруге, әңгіме сюжеттерін құрастыруға, ғылыми әдіс қосуға, табиғаттағы су айналымын схема түрінде көрсетуге немесе өлең жазуға болады. Схемалар да орналасқан суреттерді, тақтаның үстіне оңай ауыстырып орналастыруға болады, оладың бейнелеріне саусақпен тигізгенде оқушылар сағат тілін айналдыруы мүмкін, бұрыштарды өлшей немесе мүмкіндікті санай алады.

➤ Оқушылар мен мұғалім осы технология негізінде виртуалды қарым-қатынас жасауға қолайлы. Мысалы, оқушылар енді мұғалімнің қастарына келуін күтпей-ақ, өз сұрақтарын орындарында отырып мұғалімнің компьютеріне жібере алады. Қажет болса мұғалім оқушылардың компьютерлерінің клавиатурасын және экранын, сонымен қатар, интернетке немесе белгілі қосымшаларға кіру қолайлылығын жеңіл бекітіп тастайды. Бұл

бағдарлама сауалнамалар мен тестерді тез жасауды, жіберуді және тексеруді қамтамасыз етеді.

➤ Интерактивті тақта SMART board мүмкіндіктен шектелген балалар үшін де арналған. Интерактивті тақта оқушыларға дәстүрлі шектеуліктен тысқа шығуына көмектеседі. Интерактивті тақта бұл ауыр паталогиялық және дамуда қиындықтары бар балалармен жұмыс жасауда, психологиялық орталықтарда коррекциялық міндеттердің қажеттілігін, білім беру мәселесін шешуде тиімді құрал болып саналады. Ыңғайлы тірек тақтаны керекті деңгейге көтеруге және түсіруге қойылған, яғни, файл ашу үшін немесе оған жазу үшін қолыңның ұшын тигізсе болғаны. Сонымен бірге, бұл құрылғы балалардың жалпы талқылау барысында өзара өздігінен әрекет етуіне және бірігіп жұмыс жасауына көмектеседі. Балалар қарым-қатынас жасаудан қорқуды қояды. Интерактивті тақта SMART екі типті болады: тікелей және кері проекциялы. Тікелей проекциялы тақтамен жұмыс жасау үшін арнайы орындықта немесе арнайы қондырғыда орнатылған проекторлар қолданылады. [3]

Интерактивті тақтамен жұмыс жасаудың маңызды бөлімі сабақ беруді жоспарлаудан тұрады: интерактивті тақта материалдарды анық құру бағдарламасымен қамтылған. Сабақтарды сақтау, толықтыру оның қызметін жақсартып түседі. Оқытушылар сабақ барысын жақсы, тиімді, қызықты өткізуге толық мүмкіндік бар. Әрине ең алдымен оқытушылар арнайы бағдарламамен қамтылған интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін толық игеруі тиіс. Сонымен бірге интерактивті тақтамен жұмыс барысында пайдаланатын ресурстарды анықтай білуі маңызды.

Сабақтан соң файлдарды (бастапқы немесе толықтырылған түрде) оқушылар желісінде сақтауға болады, сонда оқушылар қалаған кезінде оған кіре алады. Сондай-ақ, оларды оқушылардың білім деңгейін тексеру барысында келесі сабақтарда да пайдалануға болады.

Жақында SMART Technologies Inc компаниясы SMART Board 600 тікелей проекциялы интерактивті тақтаның түрін шығаруда. Жаңа сериялы тақталардың ерекшелігі экранның пішіні көлемді, қазір оның диагоналы 77 немесе (195,6 см.). Жүйені жақсартуға, модернизациялауға арналған қажетті аксессуарларды қосуға арналған қосымша разъемдар жалғанған. Осы аксессуарларға System On-lain құрылғысы жатуы мүмкін. Оны тек қана пернетақтаның бір батырмасын басу арқылы компьютерді, интерактивті тақтаны және проекторды (төбеге орналасқан болса да) іске қосуға болады. Сонымен қатар SMART Board 600 сериялы проекциясы мультимедиялы ресурстарды кеңінен пайдалануға мол мүмкіндігі бар аудиожүйелермен қамтылған. 15 Ватт колонкаларын тақтаға немесе қабырғаға орнатуға болады. Интерактивті тақтаны және колонканы компьютерге қосу үшін бір ғана USB – кабелі қажет [4].

Интерактивті тақтаның 600 сериясы алдыңғыларындағыдай тоққа қосу жүйелеріңізде жұмыс істей алады. Мұнда Bluetooth (USB – 2.0) стандартты технологиясы қолданылады. SMART Board 600 проекциясының жетілдірілген қондырғысы арнайы фиксаторлармен қамтамасыз етілген, яғни интерактивті тақтаны қозғалмай мықты ұстап тұруына, құлап қалмауына септігін тигізеді. Доңғалақтарының үлкеюі мықты және сенімді болуға алып келеді. Олардың көмегімен интерактивті тақтаны бір орыннан екінші бір орынға оңай тасымалдауға болады. Ал тақтаның биіктігін өлшеу механизмін шкалалардың көмегімен іске асыруға болады.

Сонымен, SMART технологиясының тиімділігі мен функциялары шексіз деп айтсақ қате айтқандық емес. Ғылым мен технология дамып тұрған заманда шет тілін оқыту мен үйренуге мүмкіншіліктер көзі арта бастады. Жаңа технологияның тиімділігін сабақта қолдану үшін мұғалімге ізденіс пен өз біліктілігін ұдайы жетілдіріп отыру аса маңызды болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Волгова Е. В. Использование Smart-технологий на уроках / Е. В. Долгова // Инновационные тенденции развития системы образования : материалы IV Междунар. науч.–практ. конф. (Чебоксары, 27 март 2015 г.) / редкол.: О. Н. Широков [и др.]. — Чебоксары: ЦНС «Интерактив плюс», 2015. — С. 31–33. — ISBN 978-5-906626-69-1.
2. Бектурова З. К. Возможности внедрения SMART технологий обучения в школе / Народное образование. Педагогика- Выпуск № 7 / 2015
3. Бурдина И.М. Использование SMART технологий при обучении английскому языку. МОУ «СОШ №1» г. Гурьевск
4. Шкурко Михаил Игоревич. Программные средства автоматизации обработки информации в системе документооборота на базе распределённой архитектуры с применением smart-технологий. - М, 2014.

Р. Шакиржанқызы
Магистрант I курса КазНПУ имени Абая
Научный руководитель к.ф.н., доцент Аскарова С.А.
г. Алматы, Казахстан

SMART ТЕХНОЛОГИИ И ОСОБЕННОСТИ ЕГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ

Аннотация

Данная статья посвящена проблеме использования современных информационных технологий в учебном процессе и во внеурочной деятельности.

Сегодня учитель должен развивать исследовательские навыки студентов, пробуждать потребность к самоанализу, саморазвитию и самосовершенствованию в образовательном и личностном плане, то есть учить учиться. Для реализации этой задачи используются достижения компьютерных технологий, причём в настоящее время происходит переход от E-learning (электронного обучения) к Smart Education – «умному образованию».

Smart Education – это концепция, предполагающая комплексную модернизацию всех образовательных процессов, а также методов и технологий, используемых в этих процессах.

Ключевые слова: информационные технологии, Smart-технологии, «умное образование», современный урок, интерактивная доска.

Shakirzhankyzy R .
The 1st year MA student, Abai KazNPU
Supervisor – cand. phil. sciences, associate professor Askarova S.A.
Almaty, Kazakhstan

SMART TECHNOLOGIES AND IMPORTANCE OF ITS USE

Abstract

This article is devoted to the use of modern information technologies in educational process and in extracurricular activities.

Today, the teacher should develop the research skills of students, to awaken to the need for self-awareness, self-development and self-improvement in the educational and personal sense, that is, to learn to learn. To implement this task, use computer technology to achieve, and in the present time there is a transition from E-learning (e-learning) to the Smart Education - «smart education».

Smart Education - a concept which implies a comprehensive modernization of the educational process, as well as the methods and technologies used in these processes.

Key words: informational technology, smart technology, smart education, modern lesson, interactive board.

MPHTI 14.35.09

DISTANCE TECHNOLOGY FOR LEARNING FOREIGN LANGUAGES

*Tuleubayeva B.B., Zhyrenshina K.A., Suttibaev N.A.
Senior teachers of Al-Farabi Kazakh National University,
Kulshat.zhyrenshina@gmail.com
Almaty, Kazakhstan,
Abstract*

This article deals with the problems of distance foreign language learning. Distance learning of foreign languages connects the teacher with students closely through activity, and a person's activity can be seen in exploring his behavior. In distance learning the student's activity is aimed at the rapid transfer of necessary knowledge and skills, as well as at the development of the personality capable of self-control. The diligence of teaching activity in distance learning system is implemented in different ways, mainly through special educational materials, its focus on one direction and its distribution, the most effective forms and methods of teaching as well as on the effective use of potentials of the teacher and the student and its beneficial use in practice.

Key words: distance learning, technology, communication, formation, computer, foreign language, activity.

In the recent years, wide use of distance learning system in our education sector has provided the possibility to activate language learning. Foreign-language distance learning is tightly dependent on tight teacher–student interaction and active participation of an individual.

In distance learning system student activity is aimed at creating a self-managing, creative individual who can deliver business skills, abilities and knowledge to a group of students. In this regard, the student's and the study group's activity creates opportunity to learn quickly a foreign language with the help of a computer, to gain the necessary business skills and abilities, to accept qualities necessary for an individual, and to work reasonably and actively.

Study activity in distance learning system is implemented in different ways, mostly it is made by special organization of study materials, its successful location at one place and division, particular beneficial forms and methods of teaching, as well as fruitful use of strong capabilities of a teacher and a student and their use in practice.

According to scientists, by analysis of the specifics of distance learning we can define the following five types of teaching:

“School-Internet.” A student works at school, together with teachers searches for materials and analyzes them.

“School-Internet-School.” This type of teaching includes interaction of several teachers and students of the schools. Teaching is arranged based on study projects. As a result of working with the study projects, we can distinguish research topics as well. Teaching process becomes more effective, because this type of teaching also requires students' creative ability. Availability of an e-mail box will be enough for this type of education.

“Student-Internet-Teacher.” A student takes education at school, but at the same time he takes classes distantly together with his teachers. Classes are held through e-mail, chat and Internet resources. The classes are held in the form of a distance course, workshop and consultation. Effectiveness of the study process depends on the teacher’s specialty and the program.

The teacher of distance-learning courses can work both with his/her own school students and with those living in the cities as well. Such education type is, particularly, convenient for places located very far from centers.

“Student-Internet-Center.” This type of distance learning is associated with intensive courses. The aim of telecommunication technology is organization of teaching process taking into account the study form and level of a student. In many cases, there is no such possibility at schools; therefore the student can get in touch directly with the Center. This type of teaching provides with opportunity to develop apprenticeship and enlightening capacity and to check personal abilities.

“Student-Internet-Student.” A student, in addition to his/her school, simultaneously can get in touch with several schools and study in such a way.

Having studied the types of distance learning, we can say that this type of education is the best one. A student himself/herself or his/her teacher can choose the form of distance learning based on the student’s ability, competency, interests and circumstances.

In this relation it is necessary to take into account different aspects of distance learning. Talking about its material aspect, online education is not quite cheat.

Its physical aspect is that it is difficult to say that Internet infrastructure is equally developed all around the world, especially, in remote regions and villages of the country.

Its psychological aspect is that in distance learning a student controls the process of learning and teaching, s/he can get in touch and can send information in a convenient for him time [2, 2].

In this regard, distance learning is a modified type of teaching. Distance learning is a process that started in 1970s.

It is obvious that technical and didactic capacities of a PC (sound on/off, recording sounds to a CD via microphone, moving a text up/down, left/right, combining text, graphics, sounds, multiplications and images through CD-ROM based media, etc.) increase the efficiency of intercultural communication.

Computer-based education system is a software tool that is used in distance learning process. It provides opportunity for the following activity:

1. privatization of language learning process;
2. ensuring self-control of language competency level;
3. economy of language learning time by working on PC;
4. increasing interest in language learning by using game elements;
5. forming cognitive culture through various materials [3, 81].

Methodological functions of a PC are communicability, organizability and attractiveness (being interesting), informativity, exercisability and controllability.

Thus, to consider the methodological function of a PC:

Communicability: the teacher and student can communicate via chatting.

Organizability and attractiveness: computers are now more interesting for people, just this factor seems to be very positive;

Informativity: its possibility to provide the best opportunities of a PC – data storage and data processing. Therefore, computers are used as an information system for languages learning;

Exercisability: with a PC students have advantage to learn linguistic materials and revise them for several times;

Controllability and assessment: it is convenient for assessment of current and final tests, for fair and objective assessment, not to waste teachers’ time for checking the tests, and to summarize the outcomes of the tests [4, 6].

Internet impacts positively on students' language learning. Because, the students find the source of information very fast, they can obtain additional information via World Wide Web. At this point, we agree with Bill Gates saying, "Personal computers give more to teachers and students compared to any mental labor person. As I have told that we are observing creation of a specific lifestyle, pupils or students are true representatives of mental labor, because they have to deliver knowledge and the integrity (completeness) of teaching. A teacher can also use Internet for communication with colleagues and discovery of quite new methods for teaching a new subject to his/her student or trainee. A PC is a catalyzer in forming a view on improving the competency level for the whole lifetime, developing critical thinking abilities and interactive teaching-learning process" [5, 118].

To sum up, the key element of education activity in distance learning is an independent work. So, the specifics of the methodology is that a language-learner can study and do any task independently, and ask the teacher for a help at any time. The language-learner can use any reference material uploaded to the World Wide Web; s/he can take and pass any exam qualifying from one level to a higher one.

References:

1. Dobson J.M. Effective techniques for English Conversation group. US Information Agency. Washington D.C., 1997.
2. Yernazarova Z.Sh. Four-level program for teaching the Kazakh language. The Kazakh language: Methodology. Republican research and methodology book. Vol. 4. 2007. P. 2.
3. Vorovshikov S.G. Educational and cognitive competence of students // Office of the modern school. 2007. K. P. 81.
4. Atezhanov G. The role of a new formation teacher in creating pedagogic and psychologic competence // The Kazakh language. 2008. №4. p. 6.
5. Zhamasheva Zh. Distance learning as one of beneficial objects in information distribution // The Kazakh language and literature. 2007. №8. P. 118.

Б. Б. Тулеубаева, К. А. Жиренишина., Н. А. Суттибаев

старшие преподаватели кафедры иностранных языков факультета филологии и мировых языков Казахского Национального Университета им. аль-Фараби

г. Алматы, Казахстан

ТЕХНОЛОГИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

Аннотация

Данная статья посвящена проблемам дистанционного обучения иностранным языкам, при котором учебная программа базируется на самостоятельном обучении студента. При этом учащийся и преподаватель отдалены друг от друга, а их взаимосвязь

осуществляется с помощью информационных сетей. Система дистанционного обучения направлена на передачу учащимся необходимых знаний и навыков, а также на формирование личности, способной к самоуправлению. Активность учебной деятельности в системе дистанционного обучения реализуется различными способами, в основном через специальные образовательные материалы, эффективные формы и методы обучения, а также через продуктивное использование потенциальных возможностей преподавателя и студента. В соответствии с этим студент и учебная группа имеют возможность освоения иностранного языка через компьютер, расширению коммуникативной деятельности, формированию навыков и качеств, необходимых личности для осуществления активной и осознанной работы.

Ключевые слова: дистанционное обучение, технология, коммуникация, образование, компьютер, незнакомый язык, деятельность

Аңдатпа

Б. Б. Тулеубаева, К. А. Жиренишина., Н. А. Суттибаев

аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің аға оқытышылары,

Алматы қ., Қазақстан

ШЕТЕЛ ТІЛІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Бұл мақалада шетел тілін қашықтықтан оқыту технологиясы туралы мәселелер қаралады. Шетел тілін қашықтықтан оқыту оқытушы мен оқушының белсенді әрекетімен тығыз байланыса отырып, тұлғаның белсенділігі ізденушілік әрекетінде көрініс табады. Қашықтықтан оқыту жүйесінде оқушының белсенділігі оқушылар тобына қажетті білімді, іскерлік, дағдыны жедел жеткізуге және шығармашыл, өзін-өзі басқара алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Осыған сәйкес, студент пен оқу тобы белсенділігі шетел тілін компьютер арқылы тез меңгеруге, өзіне керекті қатысымдық, іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға, жеке тұлғаға қажет қасиеттерді қабылдауға, белсенді саналы жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту жүйесінде оқу әрекетінің белсенділігі түрлі жолдармен, көбінесе оқу материалдарын арнайы ұйымдастыру, оқытудың ерекше ұтымды формалар және әдіс-тәсілдері, сондай-ақ оқытушы мен студенттің әлеуетті мүмкіншіліктерін өнімді пайдалану және оны тәжірибеде ұтымды қолдану арқылы іске асады. Осыған сәйкес, студент пен оқу тобы белсенділікпен шет тілін компьютер арқылы тез меңгеруге, жеке тұлғаға қажет қасиеттерді қабылдауға, белсенді саналы жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, технология, коммуникация, қалыптастыру, компьютер, шетел тілі, белсенділік.

МРНТИ 14.01.85

А.Б.Искакова

Абай атындағы ҚазҰПУ 1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі- доктор PhD, аға оқытушы Убниязова Ш.А.

Алматы қ., Қазақстан

ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ ШЕТТІЛДІК ЖАЗЫЛЫМНЫҢ ИНТЕГРАТИВТІ ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Шет елдер арасындағы экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынастың ұлғаюы, ақпараттық коммуникацияның дамуы, білім берудегі мемлекетаралық интеграция мен басқа да жаңа қоғамдық факторлар шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде мәртебесін көтеруде. Тіл маманын дайындаудың барлық категориясының деңгейіне деген талаптар күшеюде.

Зерттеу жұмысындағы жаңалығы жазылымды көп салалы интегративті білім берудің дамыту, әсіресе сыртқы мәдени (стильдік-жанрлық, лингвистикалық), ішкі дайындық мақсатында (денотативті, пәндік-мағыналық) мәтін дайындығы белсенділігінде, рецептивті жағдайда (оқылым) және продуктивті (жазылым) жағдайында қарастыру. Тағы бір нәтижелі мәселе жазылымды тұлғаның қабілеті және жазылымды құрастырушының жазылымдағы өзіндік ерекшелігі ретінде қарастыру.

Түйін сөздер. Интернет технологиясы, компьютер технологиясы, ақпараттық технология, интегративті жазылымға оқыту, шетел тілі.

А.Б.Искакова.

Магистрант 1 курса, КазНПУ имени Абая

Научный руководитель- доктор PhD, ст. преп Убниязова Ш.А.

г. Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕГРАТИВНОГО СПОСОБА ИНОЯЗЫЧНОГО ПИСЬМА ЧЕРЕЗ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСОВ

Аннотация

Расширение экономических, политических, культурных связей между странами, развитие средств массовой коммуникации, межгосударственная интеграция в области образования и другие характерные для современного общества факторы способствуют повышению статуса иностранного языка как средства общения. Повышаются требования к уровню языковой подготовки обучаемых всех категорий.

Новым в исследовании является осмысление письма как многослойного интегративного образования, в котором культура внешнего (жанрово-стилевого, лингвистического) оформления определяется внутренним (денотативным, предметно-содержательным) планом текстовой деятельности и в случае рецепции (чтение), и в случае продукции (письмо). Другой результат связан со свойством письма как способности индивида, творца письма.

Ключевые слова: Интернет технология, компьютер технология, информационная технология, обучение интегративному письму, иностранный язык.

Abstract

Iskakova A.B.

The 1st year MA student, Abai KazNPU

Supervisor - PhD, senior lecturer Sh.A.Ubnyazova

Almaty, Kazakhstan

USAGE OF INTEGRATIVE WAYS OF WRITING THROUGH INTERNET RESOURCES

The expansion of economic, political and cultural ties between the countries, the development of mass media, interstate integration in the field of education and other characteristics of modern social factors contribute to the improvement of the status of a foreign language as means of communication. Increased demands are in all categories on the level of learners' language proficiency.

The novelty of the article is the understanding of writing as a multi-layered integrative education processing from outside, the culture of (genre and stylistics, linguistics) internal characters (denotative, domain-meaningful) plan of text in the case of receptive (reading), and in the case of productive (writing) activities. Another result is related to the writing as the property of the individual abilities of the creator of writing.

Key words: Internet system, computer technology, information technology, teaching integrative writing, foreign language.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ.

